

# Қоғам & Дәуір



**ҚСЗИ**

Қазақстан Республикасының  
Пәсізденіп жатқандағы  
Қазақстанның стратегиялық  
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап  
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор  
**Алмас Арзықұлов,**  
ҚР Президенті жанындағы  
ҚСЗИ-дің жетекші  
ғылыми қызметкері

Редакция мекенжайы:  
Қазақстан Республикасы,  
010000, Астана қаласы,  
Бейбітшілік көшесі, 4  
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20  
Факс (7172) 75-20-21  
E-mail: office@kisi.kz  
www.kisi.kz  
www.journal-kogam.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының  
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық  
келісім министрлігінде 2003 ж.  
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы  
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414-5696 (print)  
ISSN 2788-5860 (online)

doi.org/10.52536/2788-5860

Индекс 74007

Журнал саяси ғылымдар саласы бойынша  
ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін  
жариялау үшін Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі білім және  
ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету  
комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар  
тізбесіне енеді.

Таралымы: 500 дана.

**Қоғам &  
Дәуір**

ҒЫЛЫМИ-САРАПАТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

## МАЗМҰНЫ

<b>Елдос Жұмағұлов, Сәкен Аралбай</b> Жергілікті өзін-өзі басқару институтының дамуы: ауыл тұрғындарын тарту қадамдары. . . . .	6
<b>Разия Асылгожина, Пунит Гаур, Тенгеш Қаленова</b> Қазақстандағы сайлаулық гендерлік квоталар . . . . .	18
<b>Мухаммед Болысбек, Бибігүл Бөлегенова</b> Жергілікті өзін – өзі басқару: ауыл әкімдерінің сайлауы . . . . .	27
<b>Жомарт Симтиков</b> Көші-қон процестерінің тіл жағдайының өзгеруіне әсері . . . . .	40
<b>Сымбат Шакиров, Асан Амангельдиев</b> Қазақстандағы конфликтология институтын концептуализациялау мәселесі . . . . .	48
<b>Руслан Сабденов, Гаухар Адбрахманова</b> Қазақстандағы электрондық үкіметтің дамуының негізгі ерекшеліктері. . . . .	58
<b>Жанар Сарсенбаева</b> Қазақстан ТМД мемлекеттері арасындағы халықаралық интеграция жүйесінде . . . . .	68
<b>Ерлан Алибаев, Марина Онучко</b> ЕАЭО жағдайында Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. . . . .	83
<b>Жазира Идрышева, Рахат Тұрсын</b> Қытай - Түркия қарым-қатынасы дамуының мәселелері . . . . .	93

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Елдос Жумагулов, Сакен Аралбай</b> Развитие института местного самоуправления: шаги по привлечению сельских жителей . . . . .	6
<b>Разия Асылгожина, Пунит Гаур, Тенгеш Каленова</b> Избирательные гендерные квоты в Казахстане . . . . .	18
<b>Мухаммед Болысбек, Бибигуль Бюлегенова</b> Местное самоуправление: выборы сельских акимов . . . . .	27
<b>Жомарт Симтиков</b> Влияние миграционных процессов на изменение языковой ситуации . . . . .	40
<b>Сымбат Шакиров, Асан Амангельдиев</b> Проблема концептуализации института конфликтологии в Казахстане. . . . .	48
<b>Руслан Сабденов, Гаухар Адбрахманова</b> Ключевые особенности развития электронного правительства в Казахстане . . . . .	58
<b>Жанар Сарсенбаева</b> Казахстан в системе международной интеграции государств СНГ. . . . .	68

# Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының  
Президентінің Қаулауы  
Қазақстанның стратегиялық  
зерттеулер институты

---

**Ерлан Алибаев, Марина Онучко**  
Обеспечение продовольственной безопасности  
Казахстана в условиях ЕАЭС . . . . . 83

**Жазира Идрышева, Рахат Тұрсын**  
Проблемы развития китайско-турецких отношений . . . . . 93

---

## CONTENTS

**Eldos Zhumagulov, Saken Aralbai**  
Development of the Institute of Local Self-Government:  
Steps to Attract Rural Residents . . . . . 6

**Raziya Assylgozhina, Punit Gaur,  
Tengesh Kalenova**  
Electoral Gender Quotas in Kazakhstan . . . . . 18

**Mukhammed Bolysbek, Bibigul Byulegenova**  
Local Self-Government: Elections of Rural Akims . . . . . 27

**Zomart Simtikov**  
The Impact of Migration Processes  
on Changes in the Language Situation . . . . . 40

**Symbat Shakirov, Asan Amangeldiyev**  
The Problem of Conceptualization of the Institute  
of Conflictology in Kazakhstan . . . . . 48

**Ruslan Sabdenov, Gaukhar Abdrakhmanova**  
Key Features of E-Government development  
in Kazakhstan . . . . . 58

**Zhanar Sarsenbayeva**  
Kazakhstan in the System of International  
Integration of the CNS. . . . . 68

**Yerlan Alibayev, Marina Onuchko**  
Ensuring Food Security of Kazakhstan in  
the Conditions of the EAEU . . . . . 83

**Zhazira Idrysheva, Rakhat Tursyn**  
Issues of Development of China-Turkey Relations . . . . . 93

---

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Ерлан ҚАРИН** – редакция алқасының төрағасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, саяси ғылымдарының кандидаты
- Алмас АРЗЫҚҰЛОВ** – бас редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих магистр
- Уямо ТОМОХИКО** – Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеулер орталығының профессоры (Жапония), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – Индиана университетінің профессоры (АҚШ), Ph.D
- Сон ЮНХУН** – Ханкук университетінің профессоры (Оңтүстік Корея), Ph.D
- Нұрлан СЕЙДІН** – ҚР БҒМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК бас директорының ғылыми жұмыстар және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, Ph.D
- Ғани ҚАРАСАЕВ** – ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының бөлім басшысы – бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы
- Ботагөз РАҚЫШЕВА** – «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты
- Айгүл САДУАҚАСОВА** – Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директорының орынбасары, әлеуметтану ғылымдарының докторы

## РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Ерлан КАРИН** – председатель Редакционного совета, Государственный советник Республики Казахстан, кандидат политических наук
- Алмас АРЗИКУЛОВ** – шеф-редактор, ведущий научный сотрудник Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, магистр истории
- Уямо ТОМОХИКО** – профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D (Япония)
- Уильям ФИЕРМАН** – профессор университета Индиана, Ph.D (США)
- Сон ЮНХУН** – профессор Ханкукского университета, Ph.D (Южная Корея)
- Нурлан СЕЙДИН** – заместитель генерального директора по научной работе и международной деятельности РГП «Ғылым ордасы» КН МОН РК, кандидат исторических наук
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – заместитель директора Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Гани КАРАСАЕВ** – главный научный сотрудник – начальник отдела Института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук
- Ботагоз РАКИШЕВА** – директор исследовательского института «Общественное мнение», кандидат социологических наук
- Айгуль САДВОКАСОВА** – заместитель директора Института прикладных этнополитических исследований, доктор социологических наук

---

## THE EDITORIAL BOARD

- Yerlan KARIN** – Chairman of the Editorial Board, State Counsellor of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Political Sciences
- Almas ARZIKULOV** – Chief Editor, Leading research fellow of KazISS under President of Kazakhstan, Master of History
- Uyamo TOMOHIKO** – Slavic-Eurasian Research Center, University of Hokkaido (Japan), Ph.D, Professor
- William FIERMAN** – Department of Central Eurasian Studies, Indiana University Bloomington (USA), Ph.D Professor
- Song YONGHONG** – University of Hankuk, Ph.D (South Korea), Professor
- Nurlan SEIDIN** – Deputy Director General for Scientific Work and International Activities RSE «Gylym ordasy» CS MES RK, Candidate of Historical Sciences
- Alua ZHOLDYBALINA** – Deputy Director of KazISS under President of Kazakhstan, Doctor of Philosophy (Ph.D) in «Political science»
- Gani KARASAEV** – Chief Researcher – Head of the Department of the Institute of State History of the KN of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences
- Botagoz RAKISHEVA** – Director, “Public Opinion” Research Institute, Candidate of Sociology
- Aigul SADVOKASOVA** – Deputy Director of the Institute of Applied Ethnopolitical Research, Doctor of Sociology

*Елдос Жұмағұлов<sup>1</sup>, Сакен Аралбай<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің  
постдокторанты-ғылыми қызметкері  
eldos.tzh@mail.ru*

*<sup>2</sup>Қарағанды медицина университеті  
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы,  
профессордың ассистенті  
(Қарағанды, Қазақстан)  
saken\_aralbai@mail.ru*

### **ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДАМУЫ: АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫН ТАРТУ ҚАДАМДАРЫ**

**Аңдатпа.** Мақала Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару институтының қалыптасу процессін зерттеуге және оған ауыл тұрғындарының қатысуы жолдарын талдауға арналған. Осы институттың қалыптасу кезеңдері және оның ерекшеліктері анықталады. Жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты заңнаманы талдау арқылы ауыл тұрғындарының жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысу жолдары сипатталады. Қазақстанның бірқатар өңірлеріндегі жергілікті қауымдастық мүшелері арасында жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша ауылдық аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқарудың проблемалары анықталған және оны реттеу бойынша ұсыныстар қарастырылған.

**Түйін сөздер:** *жергілікті өзін-өзі басқару, жергілікті қоғамдастық, жергілікті жиын және жиналыс, кеңес, ауылдық аумақ, қоғамдық қатысу.*

**Елдос Жумагулов, Сакен Аралбай**

### **РАЗВИТИЕ ИНСТИТУТА МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ: ШАГИ ПО ПРИВЛЕЧЕНИЮ СЕЛЬСКИХ ЖИТЕЛЕЙ**

**Аннотация.** Статья посвящена изучению процесса становления института местного самоуправления в Казахстане и анализу путей участия в нем сельского населения. Определяются этапы становления данного института и его особенности. Путем анализа законодательства, касающегося местного самоуправления, описываются пути участия сельского населения в местном самоуправлении. По результатам проведенного исследования среди членов местного сообщества в ряде регионов Казахстана выявлены проблемы местного самоуправления на сельских территориях и рассмотрены предложения по его регулированию.

**Ключевые слова:** *местное самоуправление, местное сообщество, местное собрание и сход, кенес, сельская территория, общественное участие.*

---

**Eldos Zhumagulov, Saken Aralbay**

## **DEVELOPMENT OF THE INSTITUTE OF LOCAL SELF-GOVERNMENT: STEPS TO ATTRACT RURAL RESIDENTS**

**Abstract.** The article is devoted to the study of the process of formation of the institute of local self-government in Kazakhstan and the analysis of ways of participation of the rural population in it. The stages of formation of this institution and its features are determined. By analyzing the legislation concerning local self-government, the ways of rural population participation in local self-government are described. According to the results of the conducted research among members of the local community in a number of regions of Kazakhstan, problems of local self-government in rural areas were identified and proposals for its regulation were considered.

**Key words:** *local self-government, local community, local assembly and assembly, kenes, rural territory, public participation.*

---

### **Кіріспе**

Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды реформалау процесі үздіксіз жалғасуда. Жергілікті деңгейде өзін-өзі басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру үшін ізденіс үстіндеміз.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың көпқырлы сипаты әртүрлі ғылым өкілдерінің қызығушылығын туғызады. Жекелеген зерттеушілермен бірге кейінгі жылдары ауылдық аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне байланысты зерттеулерді «Сорос-Қазақстан қоры» [1], «Конрад Аденауэр қоры» [2] және басқа да қоғамдық ұйымдар да жүргізуде.

Осы саладағы реформаларды одан әрі тереңдетуге, бізге ең алдымен, бүгінгі күнге қандай нәтижеге қол жеткіздік және қандай факторлар жергілікті өзін-басқарудың тиімділігін арттыруға не кедергі келтіреді деген сұраққа жауап іздеу қажет. Сонымен бірге, жергілікті өзін-өзі басқару процессіне ауыл тұрғындарының қатысу мүмкіндіктерін қарастыру да маңызды. Қазіргі кезде өзекті болып отырған ауылдық жерде тұратын тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, олардың сол елді-мекендерді басқаруға белсене қатысуынсыз мүмкін емес деп болжам жасауға болады.

Осыған байланысты зерттеу жұмысының негізгі міндеттері туындайды - еліміздегі жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерін айқындау; ауыл тұрғындарының жергілікті өзін-өзі басқару ісіне тарту мүмкіндіктерін және оның даму барысындағы туындайтын проблемаларды анықтау.

### **Зерттеу әдістері**

Мақалада жергілікті өзін-өзі басқару институтының даму кезеңдерін қарастырғанда хронологиялық сипаттау және құжаттарға талдау әдісі қолданылды. Бұл әр кезеңдегі ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, ауыл тұрғындарының жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысу деңгейін және оның проблемаларын анықтау үшін эксперттік сауалнама әдісі қолданылды.

### Зерттеу нәтижелері

Еліміздегі жергілікті өзін-өзі басқару институтының қалыптасуының бірнеше кезеңдерін бөліп көрсетуімізге болады (1-сурет).



*1-сурет. Жас топтары бойынша адамдардың өміріндегі саясаттың маңыздылығы*

**Бірінші кезеңде (1991-1993 жылдар)** тәуелсіздік жариялау дәуірінде өзіндік мемлекеттік басқару, соның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін айқындауға тырысқан уақыт болды.

1991 жылы 15 ақпанда қабылданған «Жергілікті өзін-өзі басқару мен ҚазКСР Халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы» ҚазКСР Заңының екінші бабында келесідей анықтама берілген: *«жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі - халық депутаттарының жергілікті Кеңесінен, сондай-ақ, жергілікті референдумдар, азаматтардың жиналыстары (жиыны), конференциялары, басқа да тікелей демократияның түрлері»* [3]. Яғни, бұл құжатқа сәйкес мемлекеттік биліктің жергілікті өкілді органы - халық депутаттарының кеңесі болып табылды. Кеңестер поселка, село, аудан, қала деңгейінде құрылып және өз аумағында жергілікті өзін-өзі басқарудың барлық жүйесінің қызметін біріктірді және үйлестірді.

1992 жылы 13 қаңтарда «Жергілікті өзін-өзі басқару мен ҚазКСР Халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы» ҚазКСР Заңы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару және халық депутаттарының жергілікті кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы болып



өзгертілді. Сонымен бірге өтпелі кезеңге жергілікті әкімшілік басшысы лауазымы енгізілді [4].

1993 жылы 28 қаңтарда тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы қабылданып, бірақ оның нормаларында «жергілікті өзін-өзі басқару» ұғымы берілген жоқ. Тек, 15-тарауда ғана «жергілікті басқару» көрсетілген [5].

**Екінші кезең (1993-1995 жылдар).** 1993 жылғы 10 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» ҚР Заңы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүлдем басқа үлгісін енгізді:

*Біріншіден*, «мемлекеттік органдар» және «Кеңестер құрған атқарушы органдар» ұғымдары алынып тасталды.

*Екіншіден*, өкілдік органдар (мәслихаттар) жергілікті атқарушы органдарды құрмайды; жергілікті әкімшіліктің басшысы жергілікті халықтың өкілі емес, ол енді Президент өкілі болып саналды.

*Үшіншіден*, өкілдік органдар аудандық деңгейге дейін қалыптасады және ауылдық жерлерде құрылмайды. Бірақ, бұл өкілетті органдар халықтың мүдделерін ескере отырып, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің тұрғындарының еркін білдіруге және жүзеге асыру үшін қалыптасқанымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдары болып табылмады.

*Төртіншіден*, Заңда «жергілікті өзін-өзі басқару» ұғымы енді кездеспейді, басқа ұғым енгізіледі – «кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ азаматтары өкілдерінің жиналысы». Азаматтардың өкілдерінің жиналысы, бір жағынан, ауылдық жерлерде мемлекеттік қызметтерді іске асыратын орган сияқты болып табылды. Бұл жағдайды, жиналысты кент, село әкімі шақыратыны және оны сондай-ақ аудан (қала) әкімі шақыруы немесе алдыңғы жиналыс құрамының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша шақыруы мүмкін екендігі туралы норма дәлелдейді [6].

Заңда көрсетілгендей, жиналыс өзіне берілген өкілеттілік шегінде шешімдер қабылдайды және оларды орындау тиісті аумақта тұратын барлық азаматтар үшін міндетті болып табылды. Екінші жағынан, жиналыста өзін-өзі басқарудың кейбір белгілері бар. Бұл жиналысқа көшелерден, тұрғын үйлерден, шағын аудандардан немесе басқа аумақтық құрылымдардан азаматтар өкілдері жіберіледі. Ал өкілеттіктің қалыпты мөлшерін поселке, село әкімі немесе аудан (қала) әкімі белгілейді. Алайда, бұндай жиналыстар – демократиялық болып көрінгенімен тұрақты құрылым болып табылмады. Ол халық өкілдерін жинаудың бір реттік жиыны, селолық әкімшілік басшысының қарауына сәйкес, нақты шақырылым мерзімі болмағандықтан, оған қажет болған жағдайда шақырылады; жиналыс құзіреті өзінде болмағанымен, оны селолық әкімшілік басшысы әзірлейді және шешеді. Жиналыстың құзіреті қандай да бір ұсыныс жасаумен шектелді [6].

Осындай жиналыстарды өзін-өзі басқару органы деп атауға бола ма? Еуропа Кеңесі 1985 жылғы 15 қазанда қабылдаған «Жергілікті өзін-өзі басқарудың еуропалық хартиясына» назар аударайық. Еуропалық Хартия жергілікті билік органдары демократиялық жолмен құрылады, шешім қабылдауға

өкілеттіліктерге ие болады, өз құзіреттеріне, оны жүзеге асыруға қатысты кең автономияға және оған қажетті құралдарға ие деп, есептейді. Еуропалық Хартия келесі анықтама береді: *«Жергілікті өзін-өзі басқару деп жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өзіндік жауапкершілігі негізінде және жергілікті халықтың мүддесіне сай мемлекеттік істердің көп бөлігін реттеуге және оны заң аясында әрекет ету құқығы және шынайы мүмкіндігі»* [7].

«Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы «Жергілікті өкілді органдар туралы» Заңында қарастырылған жиналыс Еуропалық Хартияда көрсетілген жергілікті өзін-өзі басқарудың белгілеріне сәйкес келмеді деп айтуымызға болады.

**Үшінші кезең (1995-2000 жылдар).** Қазақстан Республикасының 1995 жылы қабылданған Конституциясы жергілікті биліктің жаңа үлгісін бекітті. Ол оны жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару деп екіге бөлді. Конституцияның 89-бабы жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқаруын белгіледі [8].

Жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғындар тікелей жүзеге асыратыны, сондай-ақ ол мәслихаттар және халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтардағы басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатыны анықталды. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру заңға сәйкес берілуі мүмкіндігі және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне олардың заңмен белгіленген өкілеттігі шегінде кепілдік берілді.

**Төртінші кезең (2001-2012 жылдар).** Конституцияның жоғарыда көрсетілген баптарын одан әрі дамыту үшін, 2001 жылдың 23 қаңтарында «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР Заңы қабылданды. Бұл парламенттің жергілікті мемлекеттік басқаруды жергілікті өзін-өзі басқарудан ажыратқысы келгенін көрсетті.

Осыған байланысты аталған заңда жергілікті өзін-өзі басқару туралы бірқатар жайттар болды:

- Мәслихаттың тұрақты комиссиялары көпшілік тыңдауларды маңызды және қоғамдық мәні бар мәселелерді талқылау мақсатында өткізеді;
- Мәслихаттың тұрақты комиссиялары өз жұмысына жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерін және азаматтарды тартуға құқылы;
- Мәслихат депутаты жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және ұйымдармен кездесулер мен жиналыстар өткізуге құқылы;
- облыс және аудан, қала әкімдері жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

Жоғарыдағы қарастырылатын сұрақтар ішінде бір мәселе түсіндіруді қажет етті. Мәслихаттар да, әкімдер де жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара әрекеттесуі керек. Жергілікті өзін-өзі басқару - бұл «халықтың билігі», және осы заңға сәйкес, олар әкімдер мен мәслихаттарға толығымен бағынады. Бұл сәйкессіздікті жою қажеттігі туындады. 2009 жылы бұл Заңның тақырыбы мен мазмұнына өзгерістер енгізілді. Енді құжат

«Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңы деп өзгертілді. Осы Заңда *«жергілікті өзін-өзі басқару – халық тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ мәслихаттар және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын осы Заңда, өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалған тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен дербес шешуге бағытталған қызмет»* деп анықтама беріледі [9].

**Бесінші кезең (2013-2020 жылдар).** Жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдірудегі маңызды қадам - 2012 жылы 28 қарашадағы ҚР Президентінің жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасының» қабылдануы болды. Бұл тұжырымдама жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі бағдары мен қағидаттарын бекітті. Тұжырымдаманы іске асырудың екі кезеңі айқындалды:

- бірінші кезең (2013–2014 жылдар);
- екінші кезең (2015–2020 жылдар) [10].

Осы тұжырымдамасын іске асыру кезеңінде бірқатар маңызды қадамдар жасалды. Олардың қатарында ауылдық округтер әкімдерін мәслихаттар арқылы жанама сайлауының енгізілуі, барлық деңгейдегі әкімдердің жыл сайынғы негізде халықпен есептік кездесулерін өткізуі, кенттерде және ауылдық округтерде жергілікті өзін-өзі басқару мен коммуналдық меншіктің дербес бюджетін енгізу. Жергілікті дербес бюджетті енгізудің арқасында әкімдер ауылдық округтің экономикалық әлеуетін объективті бағалауға, оның дамуын сапалы жоспарлауға, аудандық бюджеттерге қарамай, жергілікті жерлерде жедел іс-шаралар өткізуге мүмкіндік беретін қаржылық құралға ие болды.

Дегенмен, бірқатар проблемалар әлі де шешілмеді. Бұл жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі, функциялары мен өкілеттіктері бойынша нақты айырмашылықтың болмауы. Сондай-ақ, ауылдық округ әкімдерінің аудандық әкімдікке әкімшілік және қаржылық тәуелділігі және ауылдық округтерде өкілді органдардың болуы туралы айту керек, бұл жергілікті әкімдердің қызметіне бақылау деңгейін төмендетеді.

2020 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу туралы бастама көтерді [11]. ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес, ауыл әкімдерін тікелей сайлауды енгізу бойынша тиісті Заң жобалары әзірленіп, қабылданды.

**Алтыншы кезең (2021 жылдан бастап).** Сайлау туралы енгізілген өзгерістерге сай, 2021 жылдан бастап өкілеттік мерзімі аяқталған әкімдерді ауыл тұрғындары тікелей сайлай бастады. Ауыл әкімін мәслихаттардың жанама сайлауынан тұрғындардың тікелей сайлауына көшу халықты шешімдер қабылдау процесіне неғұрлым толық тартуға бағытталған қадам болды.

2021 жылы 18 тамызда Жергілікті өзін-өзі басқарудың 2021-2025 жылдарға арналған жаңа тұжырымдамасы бекітілді. Жаңа тұжырымдаманы іске асыру барысында келесі нәтижелерге қол жеткізу көзделген:

- 2023 жылы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заңның қабылдануы;

- ауылдық округ әкімдерін жергілікті тұрғындардың тікелей дауыс беруі арқылы 2022-2025 жылдар ішінде қайта сайлау;

- 2024 жылдан бастап барлық ауылдық округтерде өкілді органның – Кеңестердің жұмыс істеуі;

- 2025 жылға қарай жергілікті өзін-өзі басқару органдарының интернет-ресурстарын құру;


- 3,5 мың ауылдық елді мекендердегі инфрақұрылымды өңірлік стандарттардың параметрлеріне дейін жеткізу [12].

Осы тұжырымдаманы сапалы жүзеге асыру 2025 жылға қарай азаматтардың мүдделерін толық іске асыруға бағытталған жергілікті өзін-өзі басқарудың жаңа моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді деп жоспарлануда.

Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару институтының дамуын бағалаған кезде, біздің ойымызша басты көрсеткіш азаматтар үшін оған қатысуға мүмкіндіктердің жасалауы туралы айтуға болады. Нақты айтатын болсақ, ауыл тұрғындарының жергілікті басқару ісіне қатысу мүмкіндіктері мен жолдарын қарастырайық.

Ауылдық елді мекендер әкімшілік-аумақтардың ең төменгі санаты болып табылады. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының 2022 жылдың 1 желтоқсандағы мәліметтеріне сәйкес, ауылдық жерлерде халықтың 38 %-дан астамы (7 552 682 адам) тұрып жатыр [13]. Жалпы елімізде 6 293 ауылдық елді мекен бар.

Ауылдық елді мекендердің даму деңгейі жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс істеу тиімділігімен тікелей байланысты. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға сәйкес, «белгілі бір ауыл аумағында тұратын тұрғындардың жиынтығы – жергілікті қоғамдастық деп аталады» [9]. Осы әкімшілік аумақтарда «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті мәні бар аса маңызды мәселелерді шешуге тікелей қатысу үшін жергілікті қауымдастықтың жиналысы (жиыны) өткізілуі мүмкін. Жалпы қазіргі кезде осы елді-мекендерде жергілікті өзін-өзі басқарудың келесі үлгісі қалыптасқан (2-сурет). Бұл сызбадан жергілікті қауымдастық жиыны мен жиналысының атқаратын өкілеттіліктері берілген.



## *2-сурет. Қазақстандағы ауылдық жерлердегі жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі*

Жергілікті әкімшілік деңгейдің төменгі деңгейінде - ауылдық округтің, аумағында жергілікті өзін-өзі басқарудың толыққанды өкілді органы жоқ. Осыған байланысты «жергілікті қоғамдастық жиыны» және «жергілікті қоғамдастық жиналысы» ұғымдарын ажырату қажеттілігі бар. Қоғамдастық жиындары жалпыға бірдей талқылауды талап ететін аса маңызды мәселелер бойынша өткізіледі (әкімнің есебі, жиналыстарға қатысушылардың құрамын айқындау және т.б.). Жергілікті қоғамдастық жиналысы жергілікті қоғамдастықтың ағымдағы мәселелерін: бюджеттік бағдарламаларды, жеке табыс көздерін қалыптастыру мен пайдалануды және басқа да мәселелерді талқылау үшін өткізіледі.

Жиындар мен жиналыстардың шешімдері ауыл әкімінің қарауына жатады. Ауыл әкімі шешімді мақұлдай алады немесе онымен келіспейтінін білдіре алады. Әкім шешіммен келіскен жағдайда әкімдік жиын/жиналыс шешімінің орындалуын қамтамасыз етеді. Әкім шешіммен келіспеген жағдайда, мәселені жиында/жиналыста қайта талқылау жүргізіледі. Сонымен бірге ауыл әкімі жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу туралы есеп беруге, жергілікті

қоғамдастықты дамыту бағдарламасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға, өзі қабылдаған шешімдерді түсіндіруге міндетті.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, 2024 жылдан бастап ауылдық округтерде жергілікті қоғамдастықтың жиналысы өкілді орган - Кеңес болып қайта құрылатыны туралы жарияланған [12]. Бұл ауылдық жерлердегі өзін-өзі басқарудың өкілетті органын құруға бағытталған қадам.

Жаңадан әзірленіп, Парламент карауында жатқан «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заң жобасында *«кеңес - халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағында жүзеге асырылуын бақылайтын жергілікті өзін-өзі басқару органы»* деп анықтама берілген [13]. Заң жобасының әзірленуінің өзі жергілікті өзін-өзі басқаруды жергілікті мемлекеттік басқарудан ажырату бойынша ниетті көрсетеді. Заң жобасында қарастырылғанындай, ауылдық жерде ауыл тұрғындары сайлайтын әкім және оның аппараты, сонымен бірге Кеңес және ол сайлайтын Кеңес төрағасы жұмыс істейтін болады. Бұл мәселе ауылды басқаруды жақсартады ма әлде қиындатады ма, оны уақыт көрсетеді.

2022 жылдың қараша-желтоқсан айларында бірқатар облыстарда, атап айтқанда Павлодар, Абай, Қарағанды, Ақмола облыстарындағы ауылдық елді мекендерде тұрғындармен және жергілікті қауымдастық мүшелерімен жүргізілген әлеуметтік сауалнама және эксперттік сауалнама нәтижелері жергілікті өзін өзі басқаруға қатысты келесі проблемалардың бар екендігін көрсетеді:

- Тұрғындардың жергілікті жиындар мен жиналыстарға қатысу белсенділігі біркелкі емес. Оған тиісінше зейнет жасындағы және бюджеттік мекемелер қызметкерлері жиірек қатысады. Жергілікті жиындар мен жиналыстарға қызығушылықтың төмен болуы өзгерістердің өз қолдарынан келетінен сенімнің төмен деңгейімен түсіндіруге болады.

- Ауылдық аумақтар бюджетінің көп бөлігі аудандық немесе облыстық бюджетке тәуелді болуы. Елді мекендердің өз бюджетінде кіріс бөлігінің мардымсыз болуы. Мысалға, Павлодар облысы, Аққулы ауданы, 2023 жылға арналған Ямышев ауылдық округінің бюджеті 110 млн 702 мың теңгені құраса, соның ішінде жергілікті салықтан түсетіні 6 млн 33 мың теңгені құрайды. Аудандық бюджеттен түсетін трансферттер көлемі 104 млн 544 мың теңгеден тұрады [14]. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Балқантау селолық округының 2023 жылға арналған бюджеті 55 млн 749 мың теңгені құрайды, соның ішінде өз қаражаты 1 млн 288 мың. Аудандық бюджеттен түсетін трансферт - 54 млн 461 мың теңге [15]. Ауылдық бюджеттер аудандық бюджетке тәуелді екенін байқауымызға болады.

- Тұрғындардың жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысу үшін құқықтық, қаржылық сауаттылығын көтеруді қажет етеді. Эксперттердің пікірінше жергілікті жиындар мен жиналысқа қатысатын тұрғындардың біраз бөлігінің



жергілікті мәселелерді шешу бойынша құқықтық сауаттары және жергілікті бюджетті талқылау бойынша қаржылық білімдері жетіспейді.

- Ауыл тұрғындары тарапынан жергілікті мәселелерді шешуде патерналистік көзқарас басым. Жергілікті қауымдастық өкілдерінің пікірінше, ауылдың барлық проблемасын әкімдік шешіп беруге тиіс деген пікір жиі кездеседі. Тұрғындар тарапынан бастамалар аздау.

- Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі туралы ақпараттық насихаттау жұмысы жетілдіруді қажет етеді. Қажетті және сапалы ақпаратты таратудың заманауи коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдануға қажеттілік бар.

### **Қорытынды**

Халықтың мүддесін іске асыруға бағытталған саясат жүргізудің маңызды шарттарының бірі - оған азаматтық қоғамның белсенді қатысуы, тұрғындардың кеңінен тартылуы.

Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару институты ұзаққа созылған эволюциялық даму жолын бастан өткізуде. Оның даму жолында оңтайлы бір үлгіні қалыптастыруға әлі де қол жеткізе алған жоқпыз. Жергілікті өзін-өзі басқарудың толыққанды жұмыс істеуі біздің ойымызша келесі жағдайлардың орын алуына тікелей байланысты:

- мемлекеттік биліктің жергілікті деңгеймен билікті бөлісуге дайындығын білдіретін саяси еркі;
- жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтық-нормативтік актілердің қабылдануы;
- жергілікті мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін өзіндік жеткілікті дәрежедегі бюджетінің болуы;
- азаматтардың жергілікті мәселелерді шешуге белсенді қатысуы.

Ауылдың проблемаларын шешу, өмір сүру үшін қолайлы жағдайдың жасалуы азаматтардың оған белсенді атсалудың мүмкін емес. Тұрғындардың әлеуметтік белсенділігі жергілікті биліктің әлеуметтік-экономикалық саясатты нәтижелі жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Азаматтардың жергілікті мәселелерді шешу бойынша белсенділігін ынталандыру үшін ауылдық аумақтарға арналған әлеуметтік тапсырыстарды көлемін ұлғайту және оған үкіметтік емес ұйымдарды тарту қажеттілігі бар. Оның басты міндетінің бірі – азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысуға кеңірек тарту және құқықтық сауаттылық мен саяси мәдениетті жоғарылатуға бағытталғаны жөн.

### **Зерттеуді қаржыландыру көзі**

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (№ API5473302 гранты).

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. R.Aсаубаев Местное самоуправление – потенциал развития и текущие проблемы. Исследование в рамках программы для молодых исследователей в области Публичной политики Фонда Сорос-Казakhstan // URL: [http://www.soros.kz/ru/local\\_government/](http://www.soros.kz/ru/local_government/) (қаралған күні: 14.02.2023.)
2. Kommunalpolitik problemorientiert - eine Handreichung für Akteure in Verwaltung und Politik». Nur-Sultan.: IndigoPrint LLP, 2020.
3. Закон Республики Казахстан от 15 февраля 1991 года О местном самоуправлении и местных Советах народных депутатов Республики Казахстан // URL:[http://online.zakon.kz/m/Document?doc\\_id=1000404](http://online.zakon.kz/m/Document?doc_id=1000404) (қаралған күні: 15.11.2022.)
4. Закон Республики Казахстан от 13 января 1992 года № 1117-XII «О внесении на переходный период изменений и дополнений в Закон Казахской ССР «О местном самоуправлении и местных Советах народных депутатов Казахской ССР» // URL:[http://online.zakon.kz/m/Document?doc\\_id=1000917](http://online.zakon.kz/m/Document?doc_id=1000917) (қаралған күні: 15.11.2022.)
5. 1993 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Конституциясы. URL:[http://adilet.zan.kz/rus/docs/K930001000\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/K930001000_) (қаралған күні: 17.11.2022.)
6. «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы №4100 Заңы // URL:[http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004100\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004100_) (қаралған күні: 17.11.2022.)
7. Европейская хартия местного самоуправления (Страсбург, 15 октября 1985 г.) // URL:[http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1010970#pos=0;100](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1010970#pos=0;100) (қаралған күні: 18.11.2022.)
8. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы.: Nurpress, 2018. - 40 б.
9. «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР-ның 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңы. URL:[http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148\\_/history](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148_/history) (қаралған күні: 17.11.2022.)
10. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы №438 Жарлығы // URL:<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1200000438> (қаралған күні: 19.11.2022.)
11. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы // URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakhstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylyg-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakhstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylyg-1-kyrkuiek) (қаралған күні: 24.11.2022.)
12. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 18 тамыздағы №639 Жарлығы // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000639> (қаралған күні: 24.11.2022.)
13. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңы Жобасы // URL:[http://www.parlam.kz/kk/mazhilis/postitem/36/15958?fbclid=IwAR2V07y9h2717GzHzHm7GEZFHjvJdWZFB4m4jBfFdvWoBQlw0XVX\\_9yTh1A](http://www.parlam.kz/kk/mazhilis/postitem/36/15958?fbclid=IwAR2V07y9h2717GzHzHm7GEZFHjvJdWZFB4m4jBfFdvWoBQlw0XVX_9yTh1A) (қаралған күні: 16.01.2023.)
14. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты // URL: <https://new.stat.gov.kz/> (қаралған күні: 16.01.2022.)
15. Аққулы ауданының ауылдық округтерінің 2023 – 2025 жылдарға арналған бюджеттері туралы // URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodarakkuly/documents/details/397648?lang=kk> (қаралған күні: 16.01.2022.)
16. 2023-2025 жылдарға арналған «Қарқаралы ауданының Балқантау ауылдық округінің азаматтық бюджеті» // URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/karagandakarkaraly/documents/details/395860?lang=kk> (қаралған күні: 16.01.2022.)

## REFERENCES:

1. R.Asaubaev Mestnoe samoupravlenie – potentsial razvitiya i tekushchie problemy. Issledovanie v ramkakh programmy dlya molodykh issledovatelei v oblasti Publichnoy politiki Fonda Soros-Kazakhstan [Local self-government - development potential and current problems. Research within the framework of the program for young researchers in the field of Public policy of the Soros Foundation-Kazakhstan]. URL: [http://www.soros.kz/ru/local\\_government/](http://www.soros.kz/ru/local_government/) (Accessed: 14.02.2023.)
2. Kommunalpolitik problemorientiert - eine Handreichung für Akteure in Verwaltung und Politik». Nur-Sultan.: IndigoPrint LLP, 2020.



3. Закон Республики Казахстан от 15 февраля 1991 года О местном самоуправлении в местных Советах народных депутатов Республики Казахстан [The law of the Republic of Kazakhstan from February 15, 1991 on local self-government and local councils of people's Deputies of the Republic of Kazakhstan]. URL:[http:// online.zakon.kz/m/Document?doc\\_id=1000404](http://online.zakon.kz/m/Document?doc_id=1000404) (Accessed: 15.11.2022.).
4. Закон Республики Казахстан от 13 января 1992 года № 1117-XII «О внесении на перекодированный период изменений и дополнений в Закон Казахской ССР «О местном самоуправлении в местных Советах народных депутатов Казахской ССР» [Law of the Republic of Kazakhstan from January 13, 1992 No. 1117-XII «On entry for the next period of amendments and additions to the law of the Kazakh SSR» on local self-government and local councils of people's Deputies of the Kazakh]. URL:[http:// online.zakon.kz/m/Document?doc\\_id=1000917](http://online.zakon.kz/m/Document?doc_id=1000917) (Accessed: 15.11.2022.).
5. 1993 жылғы 28 қантардағы Қазақстан Республикасының Конституциясы [Constitution of the Republic of Kazakhstan dated January 28, 1993]. URL:[http:// adilet.zan.kz/rus/docs/K930001000\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/K930001000_) (Accessed: 17.11.2022.).
6. «Қазақстан Республикасының згерілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы №4100 Заңы [Law of the Republic of Kazakhstan dated December 10, 1993 No. 4100 «On local representative and executive bodies of the Republic of Kazakhstan»]. URL:[http:// adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004100\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004100_) (Accessed: 17.11.2022.).
7. Европейская хартия местного самоуправления (Strasbourg, 15 октября 1985 г.). [European Charter of local self-government (Strasbourg, October 15, 1985)]. URL:[http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1010970#pos=0;100](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1010970#pos=0;100) (Accessed: 18.11.2022.).
8. Қазақстан Республикасының Конституциясы [Constitution Of The Republic of Kazakhstan]- Алматы.: Nurpress, 2018. – 40 p.
9. «Қазақстан Республикасының згерілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР-ның 2001 жылғы 23 қантардағы №148 Заңы [Law of the Republic of Kazakhstan dated January 23, 2001 No. 148 «On local public administration and self-government of the Republic of Kazakhstan»]. URL:[http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148\\_/history](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148_/history) (Accessed: 17.11.2022.).
10. Қазақстан Республикасындағы згерілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұзhyрyмдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы №438 Жарлығы [Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated November 28, 2012 No. 438 on approval of the concept of development of local self-government in the Republic of Kazakhstan]. URL:<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1200000438> (Accessed: 19.11.2022.).
11. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жана жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына жолдауы [Address of the head of state Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan «Kazakhstan in new conditions: a period of action» dated September 1, 2020]. URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek) (Accessed: 24.11.2022.).
12. Қазақстан Республикасындағы згерілікті өзін-өзі басқаруды дамыту 2025 жылға дейінгі тұзhyрyмдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 18 тамыздағы №639 Жарлығы [Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated August 18, 2021 No. 639 on approval of the concept for the development of local self-government in the Republic of Kazakhstan until 2025.]. URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000639> (Accessed: 24.11.2022.).
13. «Қазақстан Республикасындағы згерілікті өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңы Жобасы [Draft law of the Republic of Kazakhstan «On local self-government in the Republic of Kazakhstan»]. URL:[http://www.parlam.kz/kk/mazhilis/postitem/36/15958?fbclid=IwAR2V07y9h2717GzHzHm7GEZFHVJdWZFB4m4jBfFdvWoBQlw0XVX\\_9yTh1A](http://www.parlam.kz/kk/mazhilis/postitem/36/15958?fbclid=IwAR2V07y9h2717GzHzHm7GEZFHVJdWZFB4m4jBfFdvWoBQlw0XVX_9yTh1A) (Accessed: 16.01.2023.).
14. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты [Official website of the Bureau of national statistics of the agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and reforms]. URL: <https://new.stat.gov.kz/> (Accessed: 16.01.2022.).
15. Аққулы ауданының ауылдық округтерінің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттері туралы [About the budgets of rural districts of Akkuly district for 2023-2025]. URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodarakkuly/documents/details/397648?lang=kk> (Accessed: 16.01.2022.).
16. 2023-2025 жылдарға арналған «Қарқаралы ауданының Балқантау ауылдық округінің азаматтық бюджеті» [For 2023-2025 «Civil budget of the Balkantau rural district of Karkaraly district»]. URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-karkaraly/documents/details/395860?lang=kk> (Accessed: 16.01.2022.).

*Разия Асылгожина<sup>1</sup>, Пунит Гаур<sup>2</sup>, Тенгеш Каленова<sup>3</sup>*

<sup>1</sup> докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева  
(Астана, Казахстан)

*raziya.assyl@gmail.com*

<sup>2</sup> научный сотрудник Индийского совета по международным делам  
(Нью Дели, Индия)

*punitgaurnju@gmail.com*

<sup>3</sup> доцент Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева,  
кандидат исторических наук

(Астана, Казахстан)

*kalenovats@mail.ru*

## ИЗБИРАТЕЛЬНЫЕ ГЕНДЕРНЫЕ КВОТЫ В КАЗАХСТАНЕ

**Аннотация.** Научная статья посвящена освещению вопросов равного участия женщин в процессе принятия решений, что является необходимым условием учета интересов женщин в современном обществе, включая Казахстан. Анализируется один из наиболее популярных методов повышения представленности женщин в выборных органах - гендерные квоты. Эти квоты направлены на определение минимального числа женщин-кандидатов для участия в выборах. В качестве стратегии увеличения доли женщин в парламенте Казахстана гендерные квоты для партийных списков были введены в 2020 году и впервые реализованы на выборах депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан 2021 года. В этой статье представлены мнения граждан в восприятии гендерных квот и в объяснении причин недопредставленности женщин в политической жизни. Исследование показывает, что значительный гендерный разрыв возникает не только в восприятии, связанном с легитимностью и эффективностью квот в отношении позитивной дискриминации, но также и в объяснениях, которые препятствуют успеху женщин на выборах, и в том, какие стратегии могут работать лучше в преодолении неравенства. Эти различия важны, потому что они дают представление о динамике, объясняющей, почему гендерные квоты не приводят к заметному увеличению представительства женщин в парламенте.

**Ключевые слова:** *представительство женщин, принятие решений, гендерная квота, гендерная политика, парламент, выборы, равноправие.*

**Разия Асылгожина, Пунит Гаур, Тенгеш Каленова**

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЙЛАУЛЫҚ ГЕНДЕРЛІК КВОТАЛАР**

**Андатпа.** Ғылыми мақала қазіргі қоғамдағы, соның ішінде Қазақстандағы әйелдердің мүдделерін ескерудің қажетті шарты болып табылатын әйелдердің

---

шешім қабылдау процесіне тең қатысу мәселелерін жариялауға арналған. Сайлау органдарында әйелдердің өкілдігін арттырудың ең танымал әдістерінің бірі - гендерлік квоталар талданады. Бұл квоталар сайлауға қатысуға үміткер әйелдердің ең аз санын анықтауға бағытталған. Қазақстан Парламентіндегі әйелдердің үлесін арттыру стратегиясы ретінде партиялық тізімдерге арналған гендерлік квоталар 2020 жылы енгізілді және 2021 жылғы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлауда алғаш рет іске асырылды. Бұл мақалада азаматтардың гендерлік квоталарды қабылдаудағы және әйелдердің саяси өмірде аз көрсетілу себептерін түсіндірудегі пікірлері келтірілген. Зерттеу көрсеткендей, айтарлықтай гендерлік алшақтық оң дискриминацияға қатысты квоталардың заңдылығы мен тиімділігіне байланысты қабылдауда ғана емес, сонымен қатар әйелдердің сайлауда сәттілікке кедергі келтіретін түсіндірмелерде және теңсіздікті жеңуде қандай стратегиялар жақсы жұмыс істей алатындығын көрсетеді. Бұл айырмашылықтар өте маңызды, өйткені олар гендерлік квоталардың неге парламенттегі әйелдер өкілдігінің айтарлықтай өсуіне әкелмейтінін түсіндіретін динамика туралы түсінік береді.

***Түйін сөздер:** әйелдердің өкілдігі, шешім қабылдау, гендерлік квота, гендерлік саясат, парламент, сайлау, теңдік.*

---

## **Raziya Assylgozhina, Punit Gaur, Tengesh Kalenova** **ELECTORAL GENDER QUOTAS IN KAZAKHSTAN**

**Abstract.** Abstract. The scientific article is devoted to highlighting the issues of equal participation of women in the decision-making process, which is a necessary condition for taking into account the interests of women in modern society, including Kazakhstan. The article analyzes one of the most popular methods of increasing the representation of women in elected bodies - gender quotas. These quotas are aimed at determining the minimum number of women candidates to participate in the elections. As a strategy to increase the share of women in the Parliament of Kazakhstan, gender quotas for party lists were introduced in 2020 and implemented for the first time at the elections of deputies of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan in 2021. This article presents the opinions of citizens in the perception of gender quotas and in explaining the reasons for the underrepresentation of women in political life. The study shows that a significant gender gap arises not only in perceptions related to the legitimacy and effectiveness of quotas in relation to positive discrimination, but also in explanations that hinder women's success in elections, and in which strategies can work better in overcoming inequality. These differences are important because they give an idea of the dynamics that explain why gender quotas do not lead to a noticeable increase in the representation of women in parliament.

***Key words:** representation of women, decision-making, gender quota, gender policy, parliament, elections, equality.*

## Введение

*Гендерные квоты* - это количественные показатели, которые определяют процент женщин, которые должны быть включены в список кандидатов, или количество мест, которые должны быть выделены женщинам в законодательном органе. Квоты играют решающую роль в предоставлении женщинам - членам партии значимых и эффективных возможностей для доступа к выборным государственным должностям.

В последние годы все больше и больше стран выбирают квоты в попытке быстро решить проблему заниженного представительства женщин в политике. В настоящее время более чем в 120 странах мира на публичных выборах используется тот или иной тип гендерной квоты. В некоторых странах они были приняты отдельными политическими партиями, например, во всех крупных партиях Австрии и Германии есть специальные женские союзы, которые призваны помочь социализации женщин в политике; в других резервирование определенного количества мест для женщин в парламенте (Пакистан, Армения, Косово и т. д.); кандидатские квоты, (определенное количество кандидатов должны быть женщинами (Франция, Греция, Индонезия и т. д.) [1]. Таким образом, квоты являются широко распространенным инструментом увеличения представительства женщин в национальных парламентах по всему миру, и они не ограничиваются конкретным регионом.

Изучение зарубежного опыта применения гендерных квот показало, что законодательные гендерные квоты могут быть закреплены в Конституции страны (Буркина-Фасо, Непал, Филиппины, Уганда) или в Законе о выборах (страны Латинской Америки, Бельгия, Босния и Герцеговина, Словения). Руанда, которая занимает первое место по представленности женщин в парламенте, использует метод конституционного закрепления гендерных квот. Статьи 75 и 80 Конституции Руанды предусматривают, что не менее 30% членов Нижней и Верхней палат парламента должны составлять женщины [2,174]. Есть два типа квотирования: жесткая и мягкая. Жесткие квоты закреплены в таких государственных документах как Конституции, Законы о выборах, местном самоуправлении и государственной службе и т.д. Мягкое квотирование предполагает обязательное участие в конкурсе на одно место представителей обоих полов, но итоговый показатель соотношения мужчин и женщин нормативно не установлен [3, 69]. В Швеции используются оба типа квотирования. Согласно Хегай М.Н. в Швеции мягкое квотирование является обязательным в конкурсах на руководящие посты [4, 38].

Гендерные квоты применяются в нескольких странах Центральной Азии. В Кыргызстане политику квотирования внедрили в 2007 году, в результате чего на выборах того же года представленность женщин в парламенте выросла с 0% до 26,6%. Несмотря на то, что барьеры для женщин все еще остаются, введение квот позволило сделать значительный прорыв, открыв новые механизмы для расширения представленности женщин в парламенте страны. В Узбекистане, гендерные квоты, внедренные еще в 2004 году, наконец были соблюдены на последних парламентских выборах в 2019 году. Женщины составили 41% кандидатов, а по итогам выборов каждая партия превысила 30% порог представленности женщин [5]. По

---

информации на 2021 год в Узбекистане сейчас нет гендерных квот. Но в мае 2021 года сенаторы утвердили стратегию достижения гендерного равенства в стране до 2030 года, которая предполагает «расширение практики назначения женщин на руководящие должности в вышестоящей и нижестоящей системе государственных органов» и введение квот [6]. В 2020 году в Казахстане впервые утвердили гендерные квоты для партийных списков. Согласно закону, в стране вводятся 30% квота для женщин и молодежи от общего числа включенных в список лиц для регистрации кандидатов в депутаты мажилиса и маслихата от одной политической партии. Низкое представительство женщин в Казахстане наблюдается на всех уровнях власти. В результате выборов 2021 года в Мажилис, доля женщин в Народной Партии Казахстана составила лишь 20%, а 17% у партии «Ак жол» несмотря на то, что в партийных списках обе партии придерживались квоты. Как видим, гендерные квоты в Казахстане пока не принесли ожидаемых результатов. Напрашивается вопрос о том, чего не хватает в обсуждении увеличения доли женщин как представителей. Эта статья призвана раскрыть этот вопрос путем изучения причин недостаточного представительства женщин в политике. Также подробно рассматриваются причины низкого политического представительства женщин: что на самом деле мешает женщинам строить политическую карьеру? Какие факторы влияют на недопредставленность женщин?

### **Методы исследования**


Методологическую основу работы составляют методы изучения восприятия респондентами вопросов, связанных с предоставлением гендерных квот кандидатам, факторов, способствующих низкой представленности женщин в политике посредством социологического опроса, анализа его результатов и выдвижения гипотез.

### **Результаты исследования**

Подавляющее большинство 55,77% не согласны с утверждением, что законодательно закрепленные гендерные квоты больше не нужны, поскольку они только усилят разницу между мужчинами и женщинами. При этом, 23% опрошенных поддерживают идею отмены этого позитивно-дискриминационного подхода, тогда как 21,19 % затрудняются ответить.

В утверждениях, касающихся эффективности квот в определении успеха женщин в политических выдвижениях. 56% респондентов, участвовавших в этом опросе, считают, что женщины-кандидаты набирают силу благодаря гендерным квотам, что повышает их шансы на получение места в Парламенте. Теперь, когда в выборах участвует больше женщин, шансы быть избранными выше. Восприятие легитимности согласуется с моделью ответов на заявление о том, что квоты являются полезным инструментом для улучшения качества демократии в Казахстане. Это заявление получило самый высокий уровень одобрения 75 % респондентов считают, что квоты хороши для казахстанской демократии. Кроме того, большинство затрудняются ответить, о том, что политические партии выдвигают женщин-кандидатов просто потому, что это необходимо для

того, чтобы иметь право участвовать в выборах. Лишь меньшее количество 23,7 % респондентов считают, что партии неискренне продвигают женщин в политику.



**Диаграмма 1. Восприятие эффективности гендерных квот на выборах в РК**


Эта диаграмма показывает, что участники опроса придерживаются одинакового мнения относительно необходимости гендерных квот и легитимности данного процесса.

Участники исследования также ответили на вопросы касающиеся возможных объяснениях недостаточного представительства женщин в политике (подробнее см. диаграмму 2). Большинство респондентов сходятся во мнении, что мало женщин активно занимаются политикой, потому что они отдают приоритет семье. Однако важно отметить, что доля участников предпочитающих нейтральный ответ, значительна.

Большинство не согласны с тем, что женщин-политиков немного из-за недостаточной политической подготовки, социального капитала и финансовой поддержки кампании в обеспечении их политического выдвижения. Другой внешний фактор, наблюдаемый здесь, — это влияние культуры, религии и обычаев, которые часто ставят женщин в невыгодное положение по сравнению с мужчинами. 75% опрошенных согласились с тем, что выдвижение женщин на политические посты подвергается риску, если избиратели твердо придерживаются мнения, что мужчины являются лучшими лидерами, чем женщины. Некоторые участники ответили, что недостаточное представительство женщин является скорее культурной проблемой, когда женщинам необходимо получить одобрение от своих мужей, отцов и других в их ближайшем окружении. Согласно большинству культурные факторы формируют присутствие женщин в политике.

По мнению 42,3 % опрошенных, женщины недопредставлены из-за их недостаточного контакта с партийными лидерами. Это, в свою очередь, означает, что политическим партиям трудно набирать высококвалифицированных кандидатов-женщин, которые могли бы баллотироваться на выборах в законодательные органы. Но 32,7%

респондентов считают, что партии могут легко найти женщин с хорошими качествами и перспективами для победы в политической гонке.



## **Диаграмма 2. Возможные объяснения недостаточного представительства женщин в политике.**

В последнем разделе анкеты респондентов спрашивали о возможных стратегиях расширения присутствия женщин в политической сфере. В то время как 46,15% опрошенных женщин считают, что необходима более громкая кампания по выбору избирателями женщин-кандидатов. 18% респондентов считают, что эта стратегия не является решением, поскольку некоторые респонденты отметили, что такой подход может создать несправедливое впечатление с точки зрения обращения с кандидатами в законодательные органы женщин и мужчин.


Почти 79% участников исследования выступают за увеличение политического представительства женщин за счет улучшения рейтинга кандидатов в процессе отбора. Они считают, что лучшей стратегией было бы сделать партии более прозрачными в своих методах приглашения и отбора потенциальных женщин-кандидатов как из внутренних, так и из внешних источников.

Эти выводы согласуются с причинным фактором низкого политического представительства женщин, о котором говорилось ранее. Большинство считают, что женщин в политике мало, отчасти потому, что партии сталкиваются с трудностями при выдвижении женщин-кандидатов, поэтому необходимо наладить процесс избрания женщин, сделав процесс найма более открытым и прозрачным для широкой общественности. Предполагается, что для преодоления нехватки женщин-кандидатов партии выдвигают любых женщин ради 30-процентной квоты и во избежание дисквалификации. Следовательно, качество и возможность избрания женщин-кандидатов весьма сомнительны. Эта практика также вызывает беспокойство по поводу ответственности партий за



подготовку квалифицированных кадров-женщин до их выдвижения в качестве кандидатов на выборах.

Еще одна стратегия, в которой участвуют политические партии, заключается в оказании специальной финансовой поддержки кандидатам-женщинам, которые сталкиваются с финансовыми трудностями. Почти 52% согласны с этой стратегией, некоторые мужчины, восприняли это как дискриминацию. Несколько респондентов утверждают, что деньги — это еще не все, и у партий есть другие способы выразить свою поддержку. Один из вариантов — пригласить партийных лидеров на массовые собрания, на которых кандидаты обращаются к своей аудитории. Присутствие партийного лидера считается более важным, чем материальная помощь.



**Диаграмма 3. Возможные решения по сокращению недопредставленности женщин в политике**

### Выводы

Это исследование показало, что гендерные квоты в Казахстане по-прежнему широко признаются законодательными органами. Большинство являются самыми активными сторонниками квот, поскольку они считают, что квоты полезны для улучшения качества казахстанской демократии, а их внедрение не усиливает различия между мужчинами и женщинами. 23,7% респондентов считают, что квоты вообще не влияют на шансы женщин на избрание. Они предполагают, что существуют различные препятствия для выдвижения женщин в парламент, и одни только квоты не могут решить эти проблемы.

Согласно результатам гендерные квоты, принятые около 2 лет назад, остаются предпочтительным подходом к преодолению низкого представительства женщин в парламенте. Однако на эффективность этого позитивного действия влияет несколько других факторов, в том числе политические партии, культурные барьеры и внутренние предпочтения женщин. Некоторые участники опроса считают, что партии не искренни в продвижении женщин в парламент.



Данное исследование также показывает разницу между респондентам в объяснении причин недопредставленности женщин. Некоторые считают, что самым большим препятствием на пути увеличения присутствия женщин в политике является то, что партиям трудно привлечь квалифицированных женщин для участия в выборах. Двумя факторами, ответственными за это, являются то, что женщины отдают предпочтение семье, а не политической карьере, и культурные, религиозные и социальные ограничения, которые делают женщин менее желательными в качестве лидеров. Между тем, остальные считают, что социальные ценности и обычаи, которые отдают предпочтение лидерам-мужчинам, больше всего вредят женскому политическому выдвижению. За этим следует отсутствие у женщин политической подготовки, недостаточный социальный капитал и недостаточно средств для проведения кампаний.

Таким образом, мы можем видеть важность наблюдения за динамикой взглядов граждан на вопросы, связанные с гендерными квотами; корни недопредставленности женщин; и стратегии преодоления этого неравенства. Очевидно, что все респонденты согласны с тем, что стороны должны быть более прозрачными в своих методах найма и, по возможности, предоставлять финансовую помощь женщинам, у которых есть серьезные шансы на победу.

Квоты не дискриминируют мужчин, но компенсируют прошлую и нынешнюю дискриминацию в отношении женщин. Квоты направлены на сбалансированное распределение политической власти между мужчинами и женщинами. Меры квотирования определяют, насколько допустимо низкое описательное представительство конкретной группы, другими словами, они определяют минимальный порог для описательного представительства.

Необходимы не только количественные, но и качественные изменения, связанные с увеличением числа женщин в политике. В оценке воздействия квот рассматривается не только увеличение числа женщин в представительных органах, но и основное внимание уделяется существенной представленности и вопросу о том, влияет ли расширение участия женщин в политической жизни на представленную политическую повестку дня. В связи с этим, принимая во внимание мнение граждан о том, что научное изучение гендерной ситуации в стране эффективно, делаем вывод о необходимости расширения масштабов комплексных научных исследований в области гендерных исследований.

## ЛИТЕРАТУРА:

1. Никулин Е.Р. Гендерная квота как инструмент политической эмансипации женщин // Научно-практический электронный журнал Аллея Науки - 2020. - No 1 (40) // URL: [https://alley-science.ru/domains\\_data/files/1January2019/GENDERNAYa%20KVOTA%20KAK%20INSTRUMENT%20POLITICHESKOY%20EMANSIPACII%20ZHENSIN.pdf](https://alley-science.ru/domains_data/files/1January2019/GENDERNAYa%20KVOTA%20KAK%20INSTRUMENT%20POLITICHESKOY%20EMANSIPACII%20ZHENSIN.pdf) (Доступ: 28.03.2022)
2. Abdildina D. Electoral systems and representativeness of women in elected bodies // Вестник Института законодательства РК - 2017. - No 3 (48) - 171-175 pp. // URL: <https://vestnik.zqai.kz/index.php/vestnik/article/view/451/458> (Доступ: 28.03.2022)
3. Мелешкина А.И. Опыт гендерного квотирования в рамках избирательной системы Швеции: институциональный анализ // Известия высших учебных заведений. Социология. Экономика. Политика. - 2016. - No 4 - 66-72 сс. // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/opyt-gendernogo-kvotirovaniya-v-ramkah-izbiratelnoy-sistemy-shvetsii-institutsionalnyy-analiz/viewer> (Доступ: 12.04.2022)
4. Гендер и культура. Учебное пособие для студентов гуманитарных факультетов. Азия - плюс, Душанбе - 1999. - 242 с.
5. Тлеганова А. Реалии и проблемы гендерной политики в Казахстане // URL: <https://cabar.asia/ru/realii-i-problemy-gendernoj-politiki-v-kazahstane?ysclid=I1wag9iuae> (Доступ: 12.04.2022)
6. Фатьянова У. Как развивается гендерное равенство в Узбекистане, Казахстане и Кыргызстане. // URL: <https://uz.kursiv.media/2021-12-02/kak-razvivaetsya-gendernoe-ravenstvo-v-uzbekistane-kazahstane-i/> (Доступ: 14.04.2022)

## REFERENCES

1. Nikulin E.R. Gendernaya kvota kak instrument politicheskoi emansipatsii zhenshchin [Gender quota as a tool for the political emancipation of women] // Nauchno-prakticheskiy elektronnyi zhurnal Alleya Nauki - 2020. - No 1 (40). // URL: [https://alley-science.ru/domains\\_data/files/1January2019/GENDERNAYa%20KVOTA%20KAK%20INSTRUMENT%20POLITICHESKOY%20EMANSIPACII%20ZHENSIN.pdf](https://alley-science.ru/domains_data/files/1January2019/GENDERNAYa%20KVOTA%20KAK%20INSTRUMENT%20POLITICHESKOY%20EMANSIPACII%20ZHENSIN.pdf) (Accessed: 28.03.2022)
2. Abdildina D. Electoral systems and representativeness of women in elected bodies // Vestnik Instituta zakonodatel'stva RK - 2017. - No 3 (48) - 171-175 pp. URL: <https://vestnik.zqai.kz/index.php/vestnik/article/view/451/458> (Accessed: 28.03.2022)
3. Meleshkina A.I. Opyt gendernogo kvotirovaniya v ramkakh izbiratel'noi sistemy Shvetsii: institutsional'nyi analiz [The Experience of Gender Quotas in the Swedish Electoral System: An Institutional Analysis] // Izvestiya vysshikh uchebnykh zavedenii. Sotsiologiya. Ekonomika. Politika. - 2016. - No 4 - 66-72 ss. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/opyt-gendernogo-kvotirovaniya-v-ramkah-izbiratelnoy-sistemy-shvetsii-institutsionalnyy-analiz/viewer> (Accessed: 12.04.2022)
4. Gender i kul'tura. Uchebnoe posobie dlya studentov gumanitarnykh fakul'tetov [Gender and culture. Textbook for students of humanitarian faculties] Aziya - Plyus, Dushanbe - 1999. - 242 s.
5. Tlegenova A. Realii i problemy gendernoi politiki v Kazakhstane [Realities and problems of gender policy in Kazakhstan] URL: <https://cabar.asia/ru/realii-i-problemy-gendernoj-politiki-v-kazahstane?ysclid=I1wag9iuae> (Accessed: 12.04.2022)
6. Fatyanova U. Kak razvivaetsya gendernoe ravenstvo v Uzbekistane, Kazakhstane i Kyrgyzstane [How gender equality is developing in Uzbekistan, Kazakhstan and Kyrgyzstan] URL: <https://uz.kursiv.media/2021-12-02/kak-razvivaetsya-gendernoe-ravenstvo-v-uzbekistane-kazahstane-i/> (Accessed: 14.04.2022)

**Мухаммед Болысбек<sup>1</sup>, Бибігүл Бөлегенова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты  
M.Bolysbekov@mail.ru

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессор м.а.  
(Астана, Қазақстан)  
Bibigul\_bb@mail.ru

## **ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН – ӨЗІ БАСҚАРУ: АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫ**

**Аңдатпа.** Мақала Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі басқарудың ұйымдастырушылық-құқықтық мәніне анықтама беріледі және ауыл әкімдерінің сайлауы тұрғысынан сайлау реформаларын талдауға арналған. Басты назарды жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімділігі және ауыл әкімдерінің сайлауында әкімдер сайлау жүйесінің ерекшеліктерін қарастыру бүгінгі таңда өзекті мәселе. Авторлар ауылдық округтерді зерттеу аясында ауыл тұрғындарымен кездесіп сұхбаттар жүргізілді және Президент жарлығы шыққаннан бергі ауыл әкімдерінің сайлауына мониторинг өткізілді. Сондай-ақ, жергілікті өзін-өзі басқарудың кейбір модельдеріне қысқаша шолу жасалды және талданып қаралды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі басқаруды қалыптастырудың басым міндеттерінің бірі ауыл, кент, аудандық маңызы бар қалалар деңгейінде – жергілікті қоғамдастықтың қатысуын, қызығушылығын және жауапкершілігін ынталандыру арқылы басқару шешімдерін қабылдаудағы жергілікті халық қоғамдастықтың жиналыстары (жиындары) арқылы жергілікті маңызы бар мәселелерді шешудегі халықтың рөлін кезең-кезеңімен арттыру болып табылады.

**Түйін сөздер:** сайлау жүйесі, жаңа реформалар, жергілікті өзін-өзі басқару, сайлау, саяси өзгерістер, жаңа Қазақстан, әкімдер, ауыл.

---

### **Мухаммед Болысбек, Бибигуль Бюлегенова МЕСТНОЕ САМОУПРАВЛЕНИЕ: ВЫБОРЫ СЕЛЬСКИХ АКИМОВ**

**Аннотация.** В статье определяется организационно-правовое значение самоуправления в Республике Казахстан и рассматриваются избирательные реформы с точки зрения избрания сельских акимов. Акцент делается на эффективности местного самоуправления, а учет особенностей системы выборов сельских акимов является актуальным вопросом на сегодняшний день. Научная

новизна статьи заключается в исследовании основных проблем сельских акимов, возникающих в избирательном процессе. В рамках исследования сельских округов авторы встречались и брали интервью у жителей села, а также наблюдали за выборами акимов с момента выхода Указа Президента. Также были кратко рассмотрены и проанализированы некоторые модели местного самоуправления. В настоящее время одной из основных задач формирования самоуправления в Республике Казахстан на уровне сел, поселков, городов областного значения является роль народа в решении проблем местного значения путем проведения собраний (совещаний) органов местного самоуправления, местного сообщества в принятии управленческих решений путем стимулирования участия, заинтересованности и ответственности местного сообщества.

**Ключевые слова:** *избирательная система, новые реформы, местное самоуправление, выборы, политические изменения, новый Казахстан, село.*

---

## **Mukhammed Bolysbek, Bibigul Byulegenova** **LOCAL SELF-GOVERNMENT: ELECTIONS OF RURAL AKIMS**

**Abstract.** The article defines the organizational and legal significance of self-government in the Republic of Kazakhstan and considers electoral reforms from the point of view of electing rural akims. The emphasis is on the effectiveness of local self-government, and taking into account the peculiarities of the system of elections of rural akims is a topical issue today.

The scientific novelty of the article lies in the study of the main problems of rural akims that arise in the electoral process. As part of the study of rural districts, the authors met and interviewed villagers, and also observed the elections of akims since the issuance of the Presidential Decree. Some models of local self-government were also briefly reviewed and analyzed.

At present, one of the main tasks of the formation of self-government in the Republic of Kazakhstan at the level of villages, towns, cities of regional significance is the role of the people in solving local problems by holding meetings (conferences) of local governments. the local community in making management decisions by stimulating the participation, interest and responsibility of the local community.

**Keywords:** *electoral system, new reforms, local self-government, elections, political changes, New Kazakhstan, akims, villages.*

---

### **Кіріспе**

Елімізде жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы [1] және Қазақстан

Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» 2012 жылғы 28 қарашадағы № 438 Жарлығы кұрайды [2]. Заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдар Қазақстан халқының конституциялық құқықтарын жүзеге асыру үшін жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және материалдық және қаржылық жағдайлар қамтамасыз етуі тиіс. Бұл қазақстандық мемлекеттілікті дамытудың жалпы стратегиясының құрамдас бөлігі болып табылады.

Бүгінгі таңда жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімді әдістерінің бірі ол – ауыл әкімдерінің сайлауы. Сайлау арқылы әрбір тұрғын жергілікті басқарудың кері байланысын сезіне алады. Бұрын соңды ауыл әкімдерін көрмейтін ауыл тұрғындары өз басшыларын сайлау арқылы ауылдың тұрмыс-тіршілігіне етене араласады. Ауыл әкімдерінің сайлауы өзін-өзі басқарудың негізгі механизмі деп айтуға болады [3].

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес ауыл әкімдерін тікелей сайлауды енгізу бойынша тиісті заң жобалары әзірленіп, қабылданды. Заңнамаға енгізілген өзгерістерге 2021 жылдың 24 мамырында қол қойылды, 5 маусымда сайлау заңнамасының жаңа нормалары күшіне енді. Конституциялық заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес енді бұдан былай аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округтері әкімдерін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің сайлаушылары тікелей өздері сайлайтын болады. Еліміз бойынша екінші жартыжылдықта төрт жылдық өкілеттік мерзімдері аяқталатын 836 ауылдық округ әкімі сайланды. Сайлау туралы Конституциялық Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларда әкімдердің сайлауын тағайындау, оларға қойылатын талаптар, әкімдікке кандидаттар ұсыну, ұсынылған кандидаттарды тіркеу, әкімдер сайлауын өткізу, сайлау қорытындыларын белгілеу және жариялау, сайланған әкімдерді тіркеу тәртіптері нақты айқындалған. Елімізде алғаш рет өткен ауыл әкімдерін тікелей сайлауы жаңа саяси ұтымды процес болды. Бұл сөзсіз ауыл халқының азаматтық-қоғамдық белсенділігі мен саяси мәдениетін арттыра отырып, елімізде саяси плюрализм принциптерінің қалыптасуын көрсететін қажетті қадам. Себебі ауыл әкімдерінің сайлауы демократиялы мемлекеттің бірден-бір принципі болып табылады.

Зерттеу әдісі. Аталмыш мақалада ауыл тұрғындарымен кездесу арқылы фокус-топтар ұйымдастырылды. Сұхбат алу арқылы тұрғындардың ой-пікірін зерттеп, фокус-топтар алаңдарымен сүбелі тұжырымдар алынды.

Сондай-ақ, 2021 жылы өткен ауыл әкімдерінің сайлауына мониторинг жүргізілді. Мониторинг аясында әрбір партияның өкілдері бойынша жеңіске жеткен партия мүшелері және өзін-өзі ұсынушылар бойынша пайыздық мөлшерлеме көрсетілді [4].

Зерттеуге тартылған қатысушылар белсенділік танытып, өз ойларын ашық жеткізді. Зерттеу аясында 6 ауыл, 2 эксперт таңдалды. Таңдалған адамдармен ауыл әкімдерінің сайлау туралы жиырмадан астам сұрақтар қойылып, тың ойлар алынды.

## Негізгі бөлім

Жергілікті өзін-өзі басқарудың нағыз субъектісі жергілікті қоғамдастықпен тұрғындардың тығыз байланысты. Дегенмен қоғам – адам өмірінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, идеологиялық, мәдени, экологиялық салалары тоғысқан күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе болып табылады. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы халыққа жергілікті маңызы бар мәселелерді өз бетінше және жауапкершілікпен шешуге нақты мүмкіндік беру қажет.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуымен, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпы деңгейімен, жергілікті қоғамдастықтың өміріне тікелей әсер ететін басқа да факторлармен және жағдайлармен байланысты көп сатылы және серпінді процесс. Жалпы және жергілікті жағдайлардың өзгеруіне қарай басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі жаңа өзгерістерге бейімделуі керек.

Жергілікті өзін-өзі басқару негізгі әдістерінің бірі ол ауыл әкімдерінің сайлауы. 2021 жылға дейін ауылдық деңгейдегі әкімдерді аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаттары жанама түрде сайлады, ал кандидатураны аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі ұсынатын.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ауыл әкімдерін тікелей сайлауды енгізу бойынша тиісті заң жобалары әзірленіп, қабылданды. 2021 шілде айында елімізде тікелей дауыс беру арқылы сайланған 755 төменгі деңгейдегі ауыл әкімдерінің сайлауы өтіп, аудан әкімдерінің сайлауы 2024 жылға жоспарланған.

Сайлау туралы Конституциялық Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларда әкімдердің сайлауын тағайындау, оларға қойылатын талаптар, әкімдікке кандидаттар ұсыну, ұсынылған кандидаттарды тіркеу, әкімдер сайлауын өткізу, сайлау қорытындыларын белгілеу және жариялау, сайланған әкімдерді тіркеу тәртіптері нақты айқындалған [4].

Әкім лауазымына Мемлекеттік қызмет туралы заңнамадағы біліктілік талаптарына сәйкес келетін 25 жастан асқан ҚР азаматтары сайлана алады. Сайлауға саяси партиялар ұсынған кандидаттар және дауыс беруге құқығы бар сайлаушылардың жалпы санының кемінде 1%-ына қол жинау арқылы өзін-өзі ұсынушылар қатыса алады. Бұл ретте аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі ұсынылған кандидаттар болмаған не біреуі ғана ұсынылған жағдайда, тиісінше екі не бір кандидатты ұсынуға құқылы [5].

Заңға сәйкес өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар, сыбайлас жемқорлық қылмыс және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық кінәсі заңда белгіленген тәртіппен танылған адам кандидат бола алмайды және сайлауға түсе алмайды.

Ауылдық округ әкімдігіне кандидаттар ұсыну сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталады және сайлау өткізілетін күнге дейін он бес күн бұрын жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде аяқталады.

---

Ауылдық округ әкімдігіне кандидаттар ұсынуды белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар өз мүшелері қатарынан, өзін-өзі ұсыну тәртібімен аудандық аумақтық сайлау комиссиясына ауылдық округ әкіміне кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініш беру арқылы, сондай-ақ егер ұсыну мерзімі аяқталатын күні екеуден аз кандидат ұсынылған болса, аудан әкімі жүргізеді.

Саяси партия бір сайлау округінде бір ғана кандидат ұсынуға құқылы.

Ешкім біреуден артық сайлау округінде кандидат болып ұсынылмайды.

Ауылдық округ әкімдігіне өзін-өзі ұсынған кандидат дауыс беруге құқы бар тиісті округ сайлаушыларының жалпы санының кемінде бір пайыз дауысымен қолдау табуға тиіс.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ауылдық округ әкімдігіне кандидат ұсынған құжаттар негізінде үш күннің ішінде оның еліміздің мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес немесе сәйкес еместігін анықтайды.

Заңмен әкімдікке кандидаттар үшін сайлау жарнасы қарастырылған. Саяси партия ұсынған кандидат үшін партия қаражатынан, ал басқа кандидат өз қаражаты есебінен аудан әкімі аппаратының шотына Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде (биыл - 42500 теңге) сайлау жарнасын енгізеді.

Әкімдікке кандидаттарды тіркеу барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін басталады және сайлау күніне дейін он күн бұрын жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде аяқталады. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы кандидаттарды тіркеу туралы хаттама жасайды және тіркеу туралы хабар жариялайды.

Тіркелгенге дейін кандидат және оның зайыбы (жұбайы) тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органына белгіленген тәртіппен ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсырады.

Сайлау алдындағы үгіт-насихат кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған кезден басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Ауыл әкімдерін сайлау қорытындылары Конституциялық заңның 113-10 бабына сәйкес, учаскелік сайлау комиссиясының хаттамалары негізінде аудандық (қалалық) сайлау комиссиясының отырысында сайлаудан кейін үш күндік мерзімнен кешіктірілмей белгіленеді.

Учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша дауыс беру хаттамасын жасайды және оны дереу аудандық аумақтық сайлау комиссиясына сайлау материалдарымен бірге тапсырады.

Сайлау қорытындыларын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктегі учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде аудандық аумақтық сайлау комиссиясының отырысында сайлаудан кейін үш күндік мерзімінен кешіктірмей белгілейді.



Әкімді сайлау қорытындылары туралы хаттама жасалады, оған аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды.

Басқа кандидаттармен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауысын жинаған кандидат ауылдық округ әкімі болып сайланды деп есептеледі [6].

Мемлекет басшысы өз сөзінде «Осы оқиғаны еліміздің тарихындағы айтулы белес деп айтуға болады. Негізі, бұл біз үшін стратегиялық мәні айрықша міндет. Азаматтарымыз тұңғыш рет жергілікті атқарушы биліктің басшысын тікелей сайлау мүмкіндігіне ие болмақ. Біз бұған біртіндеп, жоспарлы түрде келдік», – деді [7].

Сондай-ақ негізгі артықшылықтарды атап өткен жөн. Себебі, ауыл әкімдеріне сайлау тікелей сайлау жүйесі арқылы өтеді. Кез-келген Қазақстан Республикасының азаматы өзін ресми тіркелген саяси партия атынан немесе өзін-өзі ұсыну арқылы сайлауға түсе алады. 2021 жылы болған ауыл әкімдерінің сайлауы аясында ресми тіркелген партиялардың өкілдері сайлау науқанына түсіп жеңіске жетті. Оны төмендегідей кестеден көруге болады.

### 1-кесте. 2021 жылы өткен ауыл әкімдері сайлау нәтижелеріне жасалған мониторинг.

2021 жылдың ауыл әкімдері сайлау қорытындылары										
№	Аймақтар	сайлаушылардың келуі (%)	сайланған әкімдер	Политические партии						өзін-өзі ұсынғандар
				«Nur Otan» (AMANAT)	Ауыл» ХДПП	«Ақ жол» ДП	«ADAL» СП	ҚҰП	ЖСДП	
1	Астана қ.									
2	Алматы қ.									
3	Шымкент қ.									
4	Алматы облысы	66.5	71	57	3	0	0	0	0	11
5	Ақтөбе облысы	79	35	28	2	1	1	1	0	2
6	Атырау облысы	74.4	52	15	0	0	1	0	0	2
7	Ақмола облысы	75.5	95	74	1	2	1	3	0	14
8	Батыс Қазақстан облысы	81.4	31	22	1	0	0	0	1	7
9	Шығыс Қазақстан облысы	90.9	77	60	11	1	2	1	2	0
10	Абай облысы									
11	Жамбыл облысы	90.7	38	31	1	1	1	1	0	3



12	Қарағанды облысы	75.8	75	56	3	1	1	0	0	14
13	Ұлытау облысы									
14	Қостанай облысы	84.4	65	52	2	2	2	0	0	7
15	Қызылорда облысы	83.6	40	30	2	0	2	1	0	5
16	Маңғыстау облысы	82.4	10	8	0	0	1	0	0	1
17	Солтүстік Қазақстан облысы	87.1	71	55	3	2	1	3	0	7
18	Павлодар облысы	76.9	44	34	2	1	1	0	0	6
19	Түркістан облысы	77.1	60	47	18	3	5	2	2	89
20	Жетісу облысы									
	<b>Жалпы қорытынды</b>	79	764	569 74.5%	49 (6.4%)	14 (1.8%)	19 (2.5%)	12 (1.6%)	5 (0.7%)	168 (22%)

Мониторинг нәтижесіне бойынша сайлауға келіп дауыс берушілердің жалпы ел бойынша орташа келу көрсеткіші 79% құрады. ШҚО және Жамбыл облыстарында сайлаушылардың 90%-дың үстіндегі саяси белсенділік көрсетті. Сайлау нәтижелеріне тоқталатын болсақ, 764 әкім мандаттарын иеленген үміткерлердің 569 (74.5%) «Nur Otan» (Amanat) партиясынан сайланды. Одан кейінгі көрсеткіштерді «Ауыл» 49 (6.4%), «Ақ жол» 14 (1.8%), «ADAL» 19 (2.5%), ҚХП 5 (0.7%) көрсеткен болатын. Сонымен қатар өзін-өзі ұсынған кандидаттар саны 168 (22%) болды. Бұл ауылдық жерлердегі әлеуметтік топтардың мүдделерін ескеруге мүмкіндік берді.

Бұл елдегі басқарудың демократиялық принциптерін жүзеге асыратын тарихи қадам. Орталық Азия елдерінің ішінде Қазақстан бірінші болып ауыл әкімдерін сайлауға кірісті. Сондықтан ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жаңғыртудың мүлде жаңа кезеңін көрсететін аса маңызды оқиға болып табылады. Ауыл әкімдерін жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайлауды енгізу, сондай-ақ кандидаттарды саяси партиялар арқылы ұсыну және өзін-өзі ұсыну тәртібін енгізу заң жобасындағы жаңашылдық болып табылады. Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы азаматтардың конституциялық құқықтарын толық жүзеге асыруына белсенділік танытып, жергілікті атқарушы органдардың халықтың мұн-мұқтаждары мен мәселелерін түсінуін арттыруға, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын толық жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізуді президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы 1 қыркүйекте Қазақстан халқына жолдауында ұсынды [8].

Дүниежүзілік тәжірибе жергілікті өзін-өзі басқарудың объективті және

субъективті факторлардың әсерінен тарихи қалыптасқан әр алуан түрлері мен нысандары бар екенін көрсетеді. Жергілікті өзін-өзі басқарудың нысандары мен әдістерінің эволюциясы азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы бағытында жүзеге асады. Осыған байланысты бұл елдердегі жергілікті өзін-өзі басқару үлгілерінің қолданыстағы түрлері жергілікті дәстүрлерге, мәдениетке, халықтың менталитетіне, елдің экономикалық даму деңгейіне және басқа да жағдайларға барынша толық бейімделген.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік құрылыстың жалпы стратегиясын әзірлеу кезінде шет мемлекеттердегі жергілікті өзін-өзі басқаруды даму тәжірибесі сыни тұрғыдан ұғынылуы, қазақстандық болмыстарға, ұлттық дәстүрлер мен мәдениетке бейімделуі және ескерілуі қажет [9]. Жергілікті өзін-өзі басқару қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл атқарады. Бұл «Қазақстан – 2050» еліміздің ұзақ мерзімді даму стратегиясында, Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде даму перспективаларына қатысты басқа да бағдарламалық құжаттарда ерекше атап өтілген [10].

## 2-кесте. Ауыл әкімдерінің сайлауына байланысты фокус-топтармен зерттеу.

№	Ауыл	Сұрақ	Корреспондент
1	Монтай-тас ауылы	2021 жылдан бастап мемлекет басшысының қаулысымен енгізілген сайлау арқылы сайланған ауыл әкіміне, өздеріңіз сайлауап алған ауыл әкімдеріне қандай баға берер едіңіз?	Жаңа сайланған әкім жас бала, көңілімізден шығады. Ауыл болып көзі ашық, көкірегі ояу азаматты сайлап алғанымызға қуаныштымын. Көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Әкімізді ауылымыздың бәрі таниды. Халықтың мұң мұқтажын біледі. Жалпы ауылымызда проблема баршылық. Су, жарық және газ мәселесі өзекті мәселе. Аталған мәселе бойынша облыс деңгейінде және министрліктің өкілдеріне айттық. Келесі мәселе ол тратуар. Барлық ауыл тратуармен қамтамасыз етілмесе де, жұмыстар жасалып жатқанын атап өту керек.
2			Негізі көптеген барлық ауыл әкімдерін танымын десем болады. Сол ауылдың халқымен жүздесіп тұрамын. Қай әкімнің қалай жұмыс жасап жүргенін білемін. Негізінде асып бара жатқан ешнарсе жоқ. Барлығы өз деңгейлерінде жұмыстарын жасауда. Біздің әкімнің бір ерекшелігі, артықшылығы деп ауылды таза ұстауында деп айтар едім. Басқа ауылмен салыстырғанда біздің ауылдың кейпі бір қалаға ұқсап кеткендей дер едім.

3	Хантағы ауылы	2021 жылдан бастап мемлекет басшысының қаулысымен енгізілген сайлау арқылы сайланған ауыл әкіміне, өздеріңіз сайлауап алған ауыл әкімдеріне қандай баға берер едіңіз?	Жаңа әкімнің келгеніне 5 ай болды. 5 ай ішінде әлі толық баға бере алмаймыз. Әкім ауылдың баласы. Жұмысында прогресс бар. Жасап жатқан, бастап жатқан жұмысы көңілімнен шығады. Сайлауалды үгіт насихат жұмыстарында ауылдың проблемасын айттық. Бізді, толғандыратын су мәселесі. Су тіршілік көзі. Су тапшылығының кесірінен ауылда егін шықпай, жазда тез құрап кетіп жатыр. Қазіргі уақытта осы мәселені облыс әкімінің деңгейіне дейін жеткізген болатынбыз.
4	Ақдала ауылы	2021 жылдан бастап мемлекет басшысының қаулысымен енгізілген сайлау арқылы сайланған ауыл әкіміне, өздеріңіз сайлауап алған ауыл әкімдеріне қандай баға берер едіңіз?	Жоғарыда атап өткендей ауыл әкімі сайланғанына 2 ай болды. Аталған барлық проблемалардан хабардар. Халықпен кездесіп тұрады. Ауылды алаңдатқан мәселе сол ауыз су мен жер мәселесі. Кейбір егістікке деген жерлерде су жоқ. Егін егу жағы сол жағынан қиындайды. Аталған мәселені ауыл әкіміне жеткіздік. Ауыл әкімі болашақта әрбір отбасыға, яғни әрбір үйге 1 гектар көлемінде егістік жерін беретінін айтып өтті. Жоғарыдағы жер мәселесі халық үшін өзекті. Сол үшін игерілмей жатқан жерлерді қайтару үшін ауыл тұрғындары прокуратураға және басқа да құзырлы органдарға хат жазып, кездесу өткіздік.
5			Ең бірінші болашақ ауыл әкімі осы ауылдан туып өскен, осы ауылдың кем тұстарын білетін болғаны дұрыс. Себебі ол осы ауылда өскеннен кейін жанашыр болып өседі, өз ауылып білетін болатын. Тума туыс, ағайындары осы ауылдан болғаннан кейін әкім үшін жемқорлыққа бару, үлкен қылмыс болып көрінетін болады. Сол үшін ауыл әкімі сол ауылдың тұрғыны болу керек деп ойлаймын.
6	Төртгүл ауылы	2021 жылдан бастап мемлекет басшысының қаулысымен енгізілген сайлау арқылы сайланған ауыл әкіміне, өздеріңіз сайлауап алған ауыл әкімдеріне қандай баға берер едіңіз?	Жаңа әкім ұнайды. Көптеген жұмыстар атқарылуда. Баға беретіндей 3 жыл жұмыс жасамады ғой. Алғашқы жылын өте жақсы бастады. Айталық ауылда орталық деген 8 көше болса, сол 8 көшенің 6-ауына жарықтандырып, жолға асфальт салып берді. Жаңа мектеп, жаңа балабақша құрылысы жасалуда. Халықтың жағдайы жаман емес, ауылдың көбісі мақта, егін егіп күндерін көреді. Жұмыс жасаудың реті бар. Облысқа біздің бұйымтайларымыз жетіп тұрады.
7			Сайлауалды бағдарламасы ауылды көркейту, ауылшаруашылығын дамыту, экономикалық әлеуметтік даму жағын реттеу. Басында жас деп бағдарламасына аса сенбеп едік, кейін 24 жыл ауыл әкімшілігінде хатшы қызметін ақарғанын біліп, одан кейін алғашқы жұмыстарын көріп, халық батасын беруде. Жарықтандыру, газдандыру, ауыз су мәселесі, алғашқы медициналық көмек беру орындарын ашуда. Сайлауалды бағдарламасын іс жүзінде көрсетіп жатыр.

2022 жылдың басында ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы өтті.

Қазақстанның 14 облысында сайлау учаскелерінде қазақстандықтар төрт жылдық мерзімдері аяқталған әкімдерді (аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, қалалар және ауылдық округтер) сайлады. Сайлауға Қазақстан Республикасының 52 аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ қатысты. Кандидаттардың ең көп саны өзін-өзі ұсынғандар болды: 165 кандидаттың ішінде 118-і болды. Ер азаматтар саны – 140, әйелдер – 25. Кандидаттардың орташа жасы – 40 жас. Үміткерлердің көпшілігі мұндай қызметке алғаш рет сайланды [11].

**3-кесте. 2022 жылы өткен ауыл әкімдері сайлау нәтижелерінің мониторингі.**

Облыс атауы	Аманат партиясы	«Ақ Жол» ДПК	Өзін-өзі ұсынушылар	Сайлаушылардың келуі (%)
Ақмола облысы	4	-	7	80,4%
Ақтөбе облысы	2	-	1	-
Атырау	2	-	-	
Алматы облысы	-	-	3	59 %
ШҚО	1	-	-	77,3 %
Жамбыл облысы	1	-	1	66,3 %
БҚО	-	-	4	73,05 %
Қарағанды облысы	9	-	-	57 %
Қостанай облысы	2	-	2	62 %
Қызылорда облысы	1	-	-	82,1 %
Маңғыстау облысы	-	1	-	61,7 %
Павлодар облысы	-	-	1	71 %
СҚО	9	1	4	87,1%
Түркістан облысы	2	-	-	67,5 %

2022 жылғы ауыл әкімдер сайлауына Қарағанды, Алматы, Маңғыстау және Қостанай облыстарында сайлаушылардың қатысуы 70 пайыздан төмен. Ал Солтүстік Қазақстан, Қызылорда және Ақмола облыстарында сайлаушылардың қатысуы 82-87 пайыздан асты.

---

Сайланған 52 әкімнің 33-і «Аманат» партиясынан және 2 әкім «Ақ жол» партиясынан ұсынылған, қалған 17-сі өзін-өзі ұсынған. Әкімдердің гендерлік тиістілігі: 42 ер, 10 әйел. Сайланған әкімдердің жартысынан көбі мемлекеттік қызметшілер. 52 әкімнің 17-сі өз ауылдық округінде қайта сайланды, қалған 35-і алғаш рет сайланды. Қазақстанда ең жас үміткер 27 жаста (ер адам, мемлекеттік қызметкер), ал ең үлкен үміткер 62 жаста Қызылорда облысының тұрғыны.

### **Қорытынды**

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқарудың қазіргі жүйесі жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару жүйелерінің жақындасу принциптерімен құрылған. Сонымен бірге, жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей және жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырады, бұл қоғамдағы билікті жүзеге асырудың негізгі принципі болып табылады.

Бұл тұрғыдан жергілікті өзін-өзі басқаруда саяси жаңғырудың жаңа кезеңі ол – ауыл әкімдерінің сайлауы болып табылады.

Сондықтан, жоғарыда аталған ой мен тұжырымдардың маңыздылығын ескере отырып, мемлекет басшысының бастамасымен енгізілген ауыл әкімдерінің сайлауы бірден-бір демократиялық көзқарасты көздеп отыр.

Жоғарыда жүргізілген зерттеулер аясында ауыл әкімдері сайлауының тиімділігін ауыл тұрғындары растап отыр. Хантағы ауылының корреспонденті өз ойын ашық жеткізді. Ол «Сайлауға түскен үміткердің сол аталмыш ауыл тұрғыны екендігін және ауылда тұрғындардың арасында беделі бар екендігін растап, барша ауыл тұрғындарының бір ауыздан қолдап, дауыс бердік», - деп атап өтті.

Осындай ой-пікірлердің көп айтылуы аталмыш сайлау жүйесінің дұрыстығын және тиімділігін көрсетеді.

Дәл осындай тұжырым бірінші кесте бойынша да айтуға болады. Кесте аясында ауыл әкімдері сайлауының тек бір ғана партияның емес, барлық партия өкілдерінің жеңіске жетіп әкім болып жатқандығын көруге болады. Сондай-ақ, өзін-өзі ұсыну арқылы да сайлауда жеңімпаз болып отырған адамдарды көреміз.

Жергілікті өзін-өзі басқаруда ауыл әкімдерінің сайлауы бірден – бір қоғаммен кері байланыстың ашық әдісі деп айтуға болады. Ауыл әкімдерінің сайлауы арқылы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі дамып, өз нәтижесін беріп келеді.

Мақалада көрсетілген ой-тұжырымдар өте маңызды, өйткені ол билік өкілдері мен халықтың саяси сайлауға, өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің сайлауына деген көзқарасын ашып көрсетеді. Бұл ел үшін қажетті саясатты дұрыс құруға мүмкіндік береді.

Зерттеуді қаржыландыру көзі  
Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (№ AP15473291 гранты).

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы заңы. Әділет порталы. 23.01.2001 ж. // URL:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148_) (қаралған күні: 12.11.2022)
2. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін – өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы. Әділет порталы. 28.11.2012 ж. // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1200000438> (қаралған күні: 12.11.2022)
3. Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. 01.09.2020ж. // URL:[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek) (қаралған күні: 14.12.2022)
4. Ауылдық округ әкімдерін сайлау тәртібі мен ережесі. Жетісай аудандық әкімінің аппараты. 12.07.2021 ж. // URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan.zhetisai/press/news/details/230638?lang=ru> (қаралған күні: 13.12.2022)
5. Сайлау – 2021: ауыл әкімін сайлауды ұйымдастыру, кандидаттарды тәркеу және өту барысы. 2050 аналитикалық – шолу порталы. 02.07.2021 ж. // URL:<https://strategy2050.kz/news/saylau-2021-auyl-kimin-saylaudy-uymdastyru-kandidattardy-tirkeu-zh-ne-tu-barysy/> (қаралған күні: 25.12.2022)
6. Ауылдық округ әкімдерін сайлау тәртібі мен ережесі. Жетісай аудандық әкімінің аппараты. 12.07.2021 ж. // URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan.zhetisai/press/news/details/230638?lang=ru> (қаралған күні: 26.12.2022)
7. Қасым – Жомарт Тоқаев ауыл әкімдерінің сайлау мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. 23.08.2021 ж. // URL:<https://www.akorda.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-auyl-akimderin-saylau-maseleleri-zhoninde-kenes-otkizdi-2355013> (қаралған күні: 30.12.2022)
8. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы. Әділет порталы. 30.09.2020 ж. // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000619> (қаралған күні: 28.12.2022)
9. Ауыл әкімдерін сайлау: саяси жаңғырудың жаңа кезеңі. «Айқын ақпарат» 27.07.2021. // URL:<https://aikyn.kz/153092/auyl-ekimderin-saylau-sayasi-zhangyru-dyn-zhana-kezen/> (қаралған күні: 28.12.2022)

## REFERENCES:

1. Qazaqstan Respublikasyndagy jergiliktimemlekettik basqary jane ozin – ozi basqary tyraly zany [The law on local government and self – government in the Republic of Kazakhstan] URL:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148_) (accessed: 12.11.2022)
2. Qazaqstan Respyblıkasyndaǵy jergilikty ozin – ozi basqarydy damyty tujyrymdamasyn bekiyu tyraly [On approval of the concept of development of local self – government in the Republic of Kazakhstan]. Portal of Justice. 28.11.2012 URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1200000438> (accessed: 12.11.2022)
3. Memleket basshysy Qasym – Jomart Toqaevty-n Qazaqstan halqyna Joldauy [Address of the head of state Kassym – Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan]. 01.09.2020 URL:[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek) (accessed: 14.12.2022)
4. Auylidyq okryg akimderin sailay tartibi men erejesi. Jetisai aydandyq akiminin apparaty [Procedure and rules for the election of Akims of rural districts] 12.07.2021. URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan.zhetisai/press/news/details/230638?lang=ru> (accessed: 13.12.2022)

- 
5. Saylay – 2021: ayyl akimin saylaydy uymdastyry, kandidattardy tarkey jane oty barysy. [Elections-2021: Organization of the election of the mayor of the village, confiscation and passage of candidates] URL:<https://strategy2050.kz/news/saylau-2021-auyl-kimin-saylaudy-yymdastyru-kandidattardy-tirkeu-zh-ne-tu-barysy/> (accessed: 02.07.2022)
  6. Auyldyq okryg akimderin saylay tartibi men erejesi. Jetisai aydandyq akiminin apparaty P[rocedure and rules for the election of Akims of rural districts]. 12.07.2021 URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan.zhetisai/press/news/details/230638?lang=ru> (accessed: 26.12.2022)
  7. Qasym – Jomart Toqaeв ayyl akimderinin saylay maseleleri joninde kenes otkizdi. [Kassym – Jomart Tokayev held a meeting on the election of rural mayors]. 23.08.2021 URL:<https://www.akorda.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-auyl-akimderin-saylau-maseleleri-zhoninde-kenes-otkizdi-2355013> (accessed: 30.12.2022)
  8. "Qazaqstan Respyblikasynyn kelbir zannamalyq aktilerine aydandyq, qalalyq jane aylydyq bilik dengerinin derbestigi men jayapkershiligin keneity maseleleri boynsha ozgerister men tolyqtyrylar engizy tyraly" Qazaqstan Respyblikasy Zanyнын jobasy tyraly [On the draft law of the Republic of Kazakhstan on introducing amendments and additions to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on expanding the autonomy and responsibility of district, city and rural levels of government"]. 30.09.2020 URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000619> (accessed: 28.12.2022)
  9. Auyl akimderin saylay: saiası jangyrydyn jana kezen [Election of rural mayors: a new stage of political modernization]. 27.07.2021. URL:<https://aikyn.kz/153092/auyl-ekimderin-saylau-sayasi-zhangyrydyn-zhana-kezen/> (accessed: 28.12.2022)

**Жомарт Симтиков**

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық  
университеті, саяси ғылымдарының докторы  
(Алматы, Қазақстан)  
zhomart-67@mail.ru*

## **КӨШІ-ҚОН ПРОЦЕСТЕРІНІҢ ТІЛ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ӘСЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақала көші-қон процестерінің салдарынан туындаған мемлекеттік тіл саясатының даму траекториясын талдауға арналған. Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде Қазақстан Республикасында көші-қонның әсерінен орын алған мемлекеттік тіл саясатының даму динамикасымен қатар тіл саласындағы ауыз толтырып айтарлықтай өзгерістерге орай еліміздегі этносаралық қатынастардың жай-күйі қарастырылады. Сонымен қатар, мемлекеттік тіл саясатының өзгеруіне ықпал ететін әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени факторлар айқындалады. Республика халқының этникалық құрамының ерекшеліктерін ескере отырып, еліміздегі тілдік ахуалдың дамуындағы қазақ және орыс тілдерінің қоғамдық ортадағы ұстанымдары көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** *көші-қон саясаты, дезинтеграция, ұлттық бірлік, ұлтаралық келісім, этникалық тілдер, этносаралық қатынастар, репатриация, «қандас», сыртқы көші-қон.*

---

## **Жомарт Симтиков ВЛИЯНИЕ МИГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ НА ИЗМЕНЕНИЕ ЯЗЫКОВОЙ СИТУАЦИИ**

**Аннотация.** Статья посвящена анализу траектории развития государственной языковой политики, обусловленной миграционными процессами. Рассмотрена динамика развития языковой политики, отразившаяся на влиянии миграции в первые годы независимости Казахстана, состояние межэтнических отношений в республике в связи с изменениями в языковой сфере. Определены социально-экономические и социокультурные факторы, способствующие изменению языковой политики Казахстана. С учетом особенностей этнического состава населения Казахстана положение казахского и русского языков в общественной среде находит отражение в развитии языковой ситуации в стране.

**Ключевые слова:** *миграционная политика, дезинтеграция, национальное единство, межнациональное согласие, этнические языки, межэтнические отношения, репатриация, «қандас», внешняя миграция.*



---

**Zomart Simtikov**

## **THE IMPACT OF MIGRATION PROCESSES ON CHANGES IN THE LANGUAGE SITUATION**

**Abstract.** The article is devoted to the analysis of the development trajectory of the state language policy caused by migration processes. The development dynamics of the language policy reflected in the influence of migration in the first years of independence in Kazakhstan, the state of inter-ethnic relations in the republic due to the changes in the language field are considered. Socio-economic and socio-cultural factors contributing to changes in the language policy of Kazakhstan are defined. Taking into account the peculiarities of the ethnic composition of the population of Kazakhstan, the position of the Kazakh and Russian languages in the public environment is reflected in the development of the language situation in the country.

**Key words:** *migration policy, disintegration, national unity, inter-ethnic harmony, ethnic languages, inter-ethnic relations, repatriation, "consanguineous", external migration.*

---

### **Кіріспе**

Қазіргі әлемде бір тілдің толықтай дерлік үстемдігін Жапонияда және басым тілдің болмауын Швейцария мысалынан байқауға болады. Әлемде осындай салыстырмалы түрдегі қарама-қайшы жағдайлар өте сирек кездеседі. Сонымен қатар, басқа тілге қарағанда көбінесе өз функциялары бойынша басым болатын бір тіл және көптеген азшылық тілдер бар мемлекеттер жетерлік. Бүгінгі таңда кездесетін Еуропа мен Америкадағы сондай-ақ, Азия мен Солтүстік Африканың бірнеше елдеріндегі халықтың көпшілігінің басым тілі болып табылатынын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, бұл этникалық топтардың ішіндегі ең көпшілігі емес (мысалы: Индонезия) тілі болуы мүмкін және әдетте ешкімге туған немесе ана тілі болмауы мүмкін (мысалы: бірқатар Африка елдерінде ағылшын немесе француз тілдері).

ТМД мемлекеттері, соның ішіндегі Қазақстанның экономикалық ықпалдасу үдерістері тек аталған ұйым ішінде ғана емес, сонымен қатар жаһандану үдерісінің барлық заңдылықтарына сай жүруде. Жаһандану дәуіріндегі экономикалық ықпалдасу үдерістері тек бір ұйымның аясында ғана емес, жан-жақты дамудың қажеттіліктерін талап етеді. Дегенмен ТМД ұйымы аясындағы экономикалық ықпалдасу үдерістері ерекше көңіл аударарлық. Өйткені, ТМД құрылған күннен бастап ұйым аясында еркін сауда аймағын қалыптастыру мақсатында бірнеше әрекеттер жасалды. А.М. Мухаметқалиева мен А.М. Мырзахметовалар өздерінің зерттеу жұмыстарында 2010 жылға дейін ТМД ұйымы аясындағы мемлекеттердің өзара экономикалық байланыстарын реттеу мақсатында 110 келісім шарттар жасалған деген пікір білдіреді [8, 23-24 бб.]. 2011 жылдың қазан айында ТМД мемлекеттері еркін сауда аймағы туралы келісімге қол қойылды. Нәтижесінде күні бүгінге дейін Қазақстан, Ресей мен Беларусь мемлекеттерді біріктірген Кедендік одақ құрылып, кейіннен Еуразиялық экономикалық одақ өз жұмысын бастады. Оған аталған үш мемлекетпен қатар Қырғызстан мен Армения мүшелікке өткен болатын.

Қазақстанның ТМД шеңберіндегі халықаралық ықпалдастықтың бір құрамдас бөлігі – білім және ғылым саласы болып табылады. Рас ТМД құрылған күннен бастап саяси-экономикалық тығыз байланыстармен қатар, білім және ғылым саласында ықпалдаса отырып, өзара үйлескен шешімдерді

табу ісі нақты қолға алынды. 1997 жылы ТМД аумағында бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру туралы келісімге қол қойылды. Оған Қазақстанмен қатар, Ресей және Өзірбайжан сынды жиыны сегіз елдің үкімет басшылары қол қойған болатын. Бұл құжат сөзсіз білім беру саласындағы ТМД мемлекеттері арасында интеграциялық үдерістерді белсенді етуде үлкен үлесін қосты. Құжат негізінде ТМД мемлекеттері арасындағы білім беру ісі бойынша әріптестік Кеңес те құрылған болатын. Бүгінгі күнге дейін осы кеңес аясында қырыққа жуық құжаттар қабылданып, өзекті мәселелер шешімін тапты. Мемлекет басшыларымен болған жиындар барысында шешімін тапқан білім саласының өзекті мәселелері қатарында жоғары білімі туралы дипломдардың ТМД аумағында мойындалуы болып табылады. Бұл әрине ТМД аумағындағы бірыңғай білім кеңістігін қалыптастыру мақсатында іске асып жатқан шара. Атап өтетін жайттың бірі ТМД көлемінде қабылданып жатқан шаралар ең алдымен таңдау мүмкіндігінің болуымен ерекшеленеді. Тіпті жекелеген шешімдер ТМД-ға мүше елдердің барлығына емес, сол жиын барысын да қатысып, шешім қабылдауға атсалысқан елдерге ғана қатысты болып жатады. Сол себепті кез-келген қабылданған шешім мен бағдарламалар барлық мемлекеттерге тарала бермеуі де мүмкін. Біз осы ретте ТМД аумағында, нақтырақ айтқан білім саласындағы ортақ кеңістікті қалыптастыру әрекеттерінде бірқатар айырмашылықтар бар екендігін атап өтеміз. Мысалы, 1999 жылы Италияның Болонья қаласында отызға жуық елдер Болон декларациясына қол қойған болатын. Осы декларация аясында елімізде көп кешіктірмей білім саласы түбегейлі реформаланып, оқытудың жаңа жүйесіне көшті. Алайда ТМД-ның белді мүшелерінің бірі Ресей Федерациясына аталған жүйеге деген ұзақ жылдар сенімсіздік танытып, кеңестік дәуірден қалған жүйеге артықшылықтар берді. Болонья декларациясының қабылданғанына он жыл өтсе де жаңа білім беру жүйесіне көшіп кете алған жоқ [9, 127-129 бб.]. Мұндай алғашқы жылдары ескі жүйеден бас тартпау әрекеттерін өзге де ТМД-ға мүше елдердің тәжірибесінен де көреміз. Демек біз жоғарыда келтірген ТМД аясында бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру әрекеттері іс-жүзінде ұзақ жылдар бойына орындалмай келгендігін байқаймыз. Барлық елдер алдымен өздерінің мүддесі мен қызығушылықтары тұрғысынан шешім қабылдайтыны белгілі. Білім және ғылым саласында ортақ білім беру кеңістігін қалыптастыру әрекеттері тек қана ұйымға мүше елдердің барлығы жаңа жүйеге қосылғаннан бастап толыққанды жүзеге аса бастағандай. 2018 жылы Душанбе қаласында өткен ТМД-ға мүше елдердің сыртқы істер министрлері Кеңесінің шешіміне сай Достастық елдерінің азаматтары ұйым құрамындағы елдердің кез-келген жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндіктері ашылды. Осы мақсатта ұйымға мүше болып табылатын тоғыз елдің азаматтарына арналған «ТМД-ның желілік университеттері» жобасы іске қосылды. Аталған жоба бойынша магистрант жастар ұйым аясында бекітілген қырыққа жуық жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік алды. «ТМД-ның білім беру ісінің үздігі» деп аталатын арнайы тәсбелгінің пайда болуы және оны иелену құқығы ұйым аясындағы елдердің оқытушылары арасында жүргізілуі сөзсіз білім саласындағы интеграцияға кеңінен жол ашты.

Қазақстанның білім саласындағы интеграциялану үдерісі барысында ТМД мемлекеттері ішінде Ресейдің тәжірибесі мен оның даму бағытына артықшылықтар береді. Тек жоғары білім беру саласы ғана емес, орта білім беру саласынан да байқаймыз. Еліміздің жоғары оқу орындарының алдағы уақытта даму бағыттары да ТМД-ға мүше елдермен тығыз байланысты болмақ. Қ.К. Тоқаев еліміздің бизнес өкілдерімен болған кездесуі барысында «Болашақ» білім беру бағдарламасына қатысты пікірін білдіре келе, еліміз үшін техникалық білім мазмұнына ие мамандықтар ерекше сұраныста болатындығын атап өтті. Өйткені осы кездесу барысында Қазақстан Республикасының Президенті ендігі кезекте «Болашақ» бағдарламасына сай білім алушылар Ресейдің техникалық жоғары оқу орындарына жіберілетіндігін айтқан. Оған қоса елімізде тек Ресей ғана емес, сонымен әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бөлімшелерін де ашу ісі көзделген. Нәтижесінде Алматы мен Атырау қалаларында ресейлік техникалық бағыттағы жоғары оқу орындарының бөлімшелерін ашу ісі қарқынды басталды. Атырау қаласында мұнай-газ саласы бойынша бәсекеге қабілетті мамандар даярлайтын ресейлік Губкин атындағы университет бөлімшесін ашу жұмыстары соңғы кезеңіне де жетті [10, 1 б.]. Демек ТМД аясындағы Қазақстанның білім саласындағы халықаралық интеграциясында Ресеймен ықпалдасу үдерістерін байқаймыз. Қазіргі күні Қазақстанның ТМД елдерімен білім саласындағы ықпалдастық қатынастарында маңызды бірқатар мәселелер айқын сезіледі. Ол алдымен заман ағымына сай келетін әрі бәсекеге қабілетті мамандар даярлаумен байланысты. Сонымен қатар білім беру үдерісі мен жүйелерін тиімді басқару, жаңартылған білім беру мазмұны жағдайындағы заманауи ақпараттық технологияларды енгізу және тәжірибеде белсенді қолдану, профессор-оқытушылар құрамының кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру, инклюзивті білім беру сынды өзіндік ерекшеліктері бар мәселені шешудегі маңызды қадамдар, болашақ мамандарды даярлауда олардың әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, шығармашыл тұлға даярлаудың жолдары сынды бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелері бойынша ықпалдастықтың бағыттарын анық көре аламыз.

Қазіргі таңдағы ТМД ұйымы өзінің ең бір шешуші кезеңдердің бірінде тұр деп айтуға болады. Ұйым ішкі және сыртқы қатерлермен бетпе-бет келуде. Әсіресе сыртқы қатерлер ТМД-ның жекелеген мемлекеттері үшін ерекше сезілуде. ТМД-ға мүше елдері арасындағы байланыстарда Ресей Федерациясының үстемдігі мен ықпалының басымдығы туралы Рой Алисон өзінің «Regionalism, Regional Structure and Security Management in Central Asia» атты мақаласында атап көрсетеді. Автор Орталық Азия елдерінің аймақтық қауіпсіздік мәселесін шешуде мүмкіндіктері шектеулі екендігін көрсетіп, Ресей тарапының үстемдігі айқын сезілетіндігі туралы пікір білдіреді [11, 481 б.]. Зерттеуші Стефан Бланк өзінің «The United States and Central Asia» атты ғылыми-зерттеу жұмысында АҚШ үшін Орталық Азияның маңыздылығын айқындайды. Әсіресе террористтік әрекеттерді

болдырмау, алдын-алу тұрғысынан келгенде АҚШ Орталық Азиядағы өз ықпалынан айырылмаудың қажеттілігін атап өтеді [12, 129 б.]. Өз кезегінде зерттеуші М. Назиров өзінің «Russia, China and the United states in Central Asia: clash of interests» атты ғылыми-зерттеу жұмысында Орталық Азияның саяси-экономикалық өмірінде АҚШ-Ресей-Қытай үштігінің ықпалы басым болғандықтан көпвекторлыққа негізделген сыртқы саясаттағы ұстанымдардың қалыптасты деген пікір білдіреді [13, 39 б.]. Демек Орталық Азияда үстемдікке ие болуды қалайтын елдер қатарында Ресей ғана емес, өзге де әлемнің алпауыт саналатын мемлекеттер бар деген пікірі орынды. Мұндай үстемдік ету саясаты салдарынан бүгінде Ресей мен Украина елдері арасындағы қарым-қатынастар шиеленісті дамуда. Нәтижесінде АҚШ және Батыс елдерінің санкция салу әрекеттері ТМД-ның белсенді мүшесі Ресей және өзге де мемлекеттері үшін саяси-экономикалық ауыр салдары болуы мүмкін. Нәтижесінде онсыз да беделі тым төмендеп кеткен ТМД-ның халықаралық ұйым ретінде өмір сүруі қиындай түседі. Оның үстіне тек сыртқы қатерлер ғана емес, ТМД мемлекеттерінің өз іштеріндегі саяси ахуал да тұрақты емес. Оның дәлелі ретінде Беларусия Президентіне қарсы болып өткен толқуларды атасақ болады. Сонымен қатар Молдовадағы болып өткен Президент сайлауынан кейін, саяси күштер арасындағы теңгерімсіздік байқалады. Бірі ТМД бағытында болуды қаласа, ендігі бірі батыстық бағытта даму жолын ұсынып отыр. Сөзсіз мұндай ахуалдардың барлығы да ТМД мемлекеттері арасындағы өзара ықпалдасу үдерісін тығырыққа тірейді. Мұндай саяси күштер арасындағы теке-тірестер барысында Қазақстан үшін қолайлы шешімдердің бірі көпвекторлық саяси ұстанымдар болып қала бермек деп пікір білдіреміз.

Рас Ресей мен Украина арасындағы соғыс әрекеттері ТМД-ның халықаралық ұйым ретіндегі жұмысына кері әсер етеді. Өйткені саяси беделі бар халықаралық ұйымдар қандай да бір соғыс әрекеттерін құптамасы анық. Алайда ТМД-ға мүше елдер арасында Ресей мен Украина арасындағы соғыс әрекеттеріне әртүрлі ұстаным қалыптасқан. Мысалы, Беларусия Ресейдің әрекеттерін қолдайтынын және түсінікпен қарайтындығын мәлімдеген. Беларусия Сыртқы істер министрлігі Украинаның Донецк және Луганск жеріндегі сегіз жылға созылған әскери іс-қимылдарды Ресей мүддесінің тапталуына әкелді деген пікір білдіреді. Беларусия Президенті А. Лукашенко 2022 жылдың қазан айында өткен ТМД елдерінің бас қосуында Ресей мен Украина арасындағы қақтығысқа сыртқы күштердің әсері мол екендігін атап өтеді. Екінші дүниежүзілік соғыстан бері түрлі әскери кампанияларда жеңіліс тапқан батыс елдері кеткен еселерін қайтару мақсатында осындай әрекеттерге барып отыр деген ойды ортаға салады. А. Лукашенко батыс елдерінің басты нысаны Ресей мен Беларусия мемлекеті болғанымен, ТМД елдерінің барлығы да арандатуға түсуі мүмкін деген пікір білдіреді [14]. Қырғызстан да Ресей мен Украина арасындағы алғашқы келіссөздерінің тығырыққа тірелуіне Украинаны кінәлады.

ТМД-ның бірқатар мүше елдері, Қазақстан, Әзірбайжан Армения, Өзбекстан Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуді дұрыс деген пікір білдірді. Өзге де мүше елдер қақтығысты бейбіт жолмен шешуді

ұсынғанымен, Молдова Ресейдің Украинадағы іс-қимылына теріс баға берді. Әрине Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстың экономикалық салдары ауыр. Ол екі елмен қатар, ТМД елдеріне де өте қатты сезіледі. ТМД-ға мүше елдер тек осы ұйым аясындағы ғана емес, өзге де әлеуметтік-экономикалық маңызға ие ұйымдар аясында жұмыс жасап келеді. Егер де Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс ұзақ уақытқа созылмаса, АҚШ және Еуроодақ тарапынан салынған санкциялардың әсері де байқалмасы анық еді. Алайда кейінгі оқиғалар қос елдің арасындағы қақтығыстың үлкен масштабтағы соғыс әрекеттері болатындығын дәлелдеп отыр. Бұл батыс елдері тарапынан Ресей арқылы келетін мұнай және газ өнімдеріне эмбарго жариялау әрекеттеріне ұласты. Оның салдарынан ТМД-ға мүше елдер арасында инфляция, девальвация орын алуы да мүмкін. Қазақстан экономикасы мұндай қадамға әлі де болса дайын емес. Еліміздің мұнай және газ саласы Ресеймен тығыз байланысты. Сол себепті батыс елдерінің Ресейге салған санкцияларының әсері ТМД және оның ішінде алдымен Қазақстан экономикасы үшін әсері мол. Қазақстан мен Ресей арасындағы тауар айналым көрсеткіштері жоғары. Ресей аумағында орналасқан әлемдік өндіріс орындары зауыттарының өнімдерін еліміз белсенді тұтынады. Мұндай әлеуметтік-экономикалық факторлар өз кезегінде ТМД-ның ұйым ретінде сақталуына кері әсер етеді деп санаймыз. Бұл өз кезегінде Қазақстанның өзіндік экономикалық дербестікке қол жеткізетін жаңа жолдарды іздестіруіне жаңа мүмкіндіктер беруі тиіс.

ТМД аясында Қазақстан үшін маңызды болып тұрған мәселелердің бірі – ұлттық мүдде мәселесі. Тек ұлттық мүдде ескерілген әріптестік байланыстар ғана барлық халықаралық ұйымдардың жұмысын нәтижелі етеді. Мұндай жайт ТМД-ға да тән. ТМД аясындағы байланыстар өзара сенімге негізделумен қатар, біржақты, бір мемлекеттің мүддесіне орайластырған шешімдерге негізделмеуі тиіс. Ұйым аясында мемлекеттер арасындағы әріптестік байланыстар нәтижесінде тұрақты даму, экономикалық өсім, әлеуметтік ахуалдың жақсаруы сияқты оң жағдайлардың туындауы да ұлттық мүдденің ескерілуінен деп санаймыз. Әрине, Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел ретінде қандай халықаралық ұйымға мүше болып, сыртқы саясаттағы ұстанымдары дербес айқындауға құқылы. ТМД аясында еліміз үшін саяси-экономикалық, әлеуметтік-рухани, ақпараттық кеңістік, әскери қауіпсіздік саласындағы мәселелерді ұлттық мүддеге негіздей алуы өзекті мәселе.

### **Қорытынды**

Сонымен қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы ТМД ұйымы аясында белсенді интеграциялық үдерістерге қатысатындығы жан-жақты сараланды. Қазақстан Республикасының ТМД ұйымына мүше елдермен өзара ықпалдасу әрекеттері тек қана ұйымның шарттары ғана емес, сондай-ақ ұйымға мүше елдер арасында құрылған жаңа одақтар мен келісімдер негізінде де жүріп отыр. Ұйым ішінен құрылған одақтар тек қана саяси сипаттағы байланыстар ғана емес, сонымен қатар экономикалық сала, әлеуметтік бастамалар және білім, ғылым саласын қамтып отыр. Әрине Қазақстанның ТМД мемлекеттерінің

---

интеграциялық жүйесіндегі қызметі өзге де халықаралық ұйымдарға мүше болу, жаңа ұйымдардың шарттарын орындау сынды жұмыстармен қатар жүргізілді. Тәуелсіз мемлекеттер достастығының өзіндік артықшылықтары бар екендігі айқын. Ол, әсіресе әлемдік саясат пен аймақаралық әріптестік байланыстарды нығайтудағы маңыздылықтан көрінеді. Бүгінгі таңда ұйымға мүше елдер арасында өзара байланыстарды реттейтін құқықтық негіздері толыққанды қалыптасқанымен, ол көп жағдайда сақтала бермейтіндігін байқап отырмыз. Оны біз нақты оқиғалар арқылы көрсете алдық. Демек Қазақстанның ұйымға мүше мемлекеттермен ықпалдасу әрекеттерін ұйымдастыру ісі барлық мемлекеттердің назарында екендігін білдіреді.

Бүгінгі күні әлемдегі саяси ахуал тұрақты емес. Мемлекеттер арасындағы байланыстар шиеленісіп, мемлекеттер арасындағы байланыстардың стратегиялық мәселелері өз шешімін таппай отыр. Бұл өз кезегінде ТМД алаңын белсенді әрі тиімді пайдалану қажеттілігін дәлелдеп отыр. ТМД посткеңестік кеңістіктегі беделді ұйым болуы үшін тұрақты экономикалық өсімнің кепіліне айналып, заманауи жобалардың жүзеге асуына жағдай жасауы тиіс. Саяси тұрақтылықты қамтамасыз етумен қатар, энергетика, көлік құрастыру, көпжақты сауда істері, жаңа логикалық дәліздер дамыту сынды маңызды мәселелердің өз шешімін табуына түрткі бола білуі құптарлық. Саяси экономикалық мәселелермен қатар, ТМД ұйым ретінде әлеуметтік мәселелерді шешу ісінде көшбасшыға айналуы тиіс. Мемлекеттің дамуы мен халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында интеграциялық байланыстарды күшейту жоғары нәтиже береді деп санаймыз. Бәсекелестік емес, әріптестік байланыстарды дамыта отырып, территориялық шағымдар емес, мемлекеттің тұтастығын толықтай мойындау арқылы ғана ТМД ұйым ретінде беделін көтере алады.

Әрине ХХІ ғасыр тек аймақаралық ғана емес, ең бастысы әлемдік ұйымдардың жұмысына ерекше белсенді қатысуды талап етеді. Сол себепті Қазақстанның көп векторлы саясатына негіздей отырып, барлық тараптардың байланыстарының жақсы жақтарына ие болу мәселесі ерекше өзекті деп баға береміз.

---

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Власов А. 20 лет СНГ и перспективы евразийской интеграции // Родина. – №1. – 2019. – с. 54-56
2. Малышева Д.В. Содружество независимых государств: пространственно-организационная динамика // Анализ и прогноз. – 2019. – №3. – с. 24-31
3. Постникова Е. Участный случай: будет ли СНГ исключать Украину из организации // Известия. – 2021. – №4. – 2 с.
4. Москалькова Т.Н. СНГ: история и перспективы. – Москва: Издание ГосДумы, 2012. – 179 с.
5. Лаумулин М.Т. Возвращение в место, которого нет // Россия в глобальной политике. – 2012. – Том 10. – №1. с. 89-98
6. Рахматулина Г.Г. О современном состоянии интеграционных процессов в государствах ЕЭП // Современные интеграционные процессы: качественно новые



- формы. – Алматы, 2013. с. 265-269
7. Додонов В. Экономическое сотрудничество Казахстана с ЕС и ЕАЭС и социально-экономические эффекты. – Алматы: фонд Фридриха Эберта, 2017. – 65 с.
  8. Мухаметкалиева А.М., Мырзахметова А.М. Экономические и правовые аспекты интеграции в СНГ // Вестник КазНУ. – Серия международные отношения и международное право. - №4(60). – 2012. – с. 23-24
  9. Степанов Е.И. Болонский процесс в России: аргументы «за» и «против» // Журнал социологии и антропологии. – 2010. – №4. – Том 10. с. 127-129
  10. Уәли Б. Жарқын болашаққа негіз болған сапар // Егемен Қазақстан газеті. – 14 ақпан 2022 жыл. – 1 б.
  11. Roy Allison. Regionalism, Regional Structure and Security Management in Central Asia // International Affairs. Volume 80. – №3, 2004.
  12. Stephen Blank. The United States and Central Asia // Central Asian Security: The New International Context, The Royal Institute of International Affairs. –London, Brookings Institution Press, 2001. – p.127-147.
  13. Nazirov M. Russia, China and the United states in Central Asia: clash of interests // The scientific heritage. – №80-5(80). – 2021. – 38-42 p.
  14. Нуриева С. Лукашенко заявил, что против всех стран СНГ развязана «настоящая гибридная война» // URL:<https://www.gazeta.ru/politics/news/2022/10/14/18793477.shtml?updated>

## REFERENCES:

1. Vlasov A. 20 let SNG i perspektivy evrazijskoj integracii [20 years of CIS and Eurasian integration prospects] // Rodina. - №1. – 2019. – s. 54-56
2. Malysheva D.V. Sodruzhestvo nezavisimyh gosudarstv: prostranstvenno-organizatsionnaja dinamika [The Commonwealth of Independent States: spatial and organizational dynamics] // Analiz i prognoz. – 2019. – №3. – s. 24-31
3. Postnikova E. Uchastnyj sluchaj: budet li SNG iskljuchat' Ukrainu iz orgazicacii [A special case: will the CIS exclude Ukraine from the organization] // Izvestija. –2021. – №4. – 2 s.
4. Moskal'kova T.N. SNG: istorija i perspektivy [CIS: history and prospects]. – Moskva: Izdanie GosDumy, 2012. – 179 s.
5. Laumulin M.T. Vozvrashhenie v mesto, kotorogo net [Returning to a Place that doesn't exist] // Rossija v global'noj politike. – 2012. – Tom 10. – №1. s. 89-98
6. Rahmatulina G.G. O sovremennom sostojanii integracionnyh pcessov v gosudarstvah EEP [On the current state of integration processes in the CES States] // Sovremennye integraciyaonnye processy: kachestvenno novye formy. – Almaty, 2013. s. 265-269
7. Dodonov V. Jekonomicheskoe sotrudnichestvo Kazahstana s ES i EAJeS i social'no-jekonomicheskie jeffekti [Economic cooperation of Kazakhstan Series A - Socio-economic effects]. – Almaty: fond Fridriha Jeberta, 2017. – 65 s.
8. Muhametkalieva A.M., Myrzahmetova A.M. Jekonomicheskie p pravovye aspekty integracii v SNG [Economic and legal aspects of integration in the CIS] // Vestnik KazNU. – Serija mezhdunarodnye otnoshenija i mezhdunarodnoe pravo. - №4(60). – 2012. – s. 23-24
9. Stepanov E.I. Bolonskij process v Rossi: argumenty «za» i «protiv» [The Bologna process in Russia: arguments for and against] // Zhurnal sociologii i antropologii. – 2010. – №4. – Tom 10. s. 127-129
10. Uali B. Zharkyn bolashakka negiz bolgan sapar [A journey that laid the foundation for a bright future] // Egeмен Қазақстан газеті. – 14 ақпан 2022 жыл. – 1 б.
11. Roy Allison. Regionalism, Regional Structure and Security Management in Central Asia // International Affairs. Volume 80. – №3, 2004.
12. Stephen Blank. The United States and Central Asia // Central Asian Security: The New International Context, The Royal Institute of International Affairs. –London, Brookings Institution Press, 2001. – p.127-147.
13. Nazirov M. Russia, China and the United states in Central Asia: clash of interests // The scientific heritage. – №80-5(80). – 2021. – 38-42 p.
14. Nurieva S Lukashenko zaiavil, chto protiv vsekh stran SNG razviazana «nastoiashiaa gibridnaia voina» [Lukashenko said that a «real hybrid war» has been unleashed against all CIS countries] // URL:<https://www.gazeta.ru/politics/news/2022/10/14/18793477.shtml?updated>



*Ерлан Алибаев<sup>1</sup>, Марина Онучко<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
«Саясаттану» кафедрасының докторанты  
alibai\_88@mail.ru*

*<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
«Саясаттану» кафедрасының профессоры, п. э. к.,  
(Астана, Қазақстан)  
onuchko@mail.ru*

## **ЕАЭО ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

**Аңдатпа.** Еуразиялық экономикалық одақ Халықаралық экономикалық ұйымдар арасында маңызды орын алатынына қарамастан, қатысушы елдердің азық-түлік қауіпсіздігі деңгейі дамыған елдерден артта қалып отыр. Еуразиялық экономикалық одақтың азық-түлік қауіпсіздігі проблемасы қатысушы елдердің назарында және олардың әрқайсысы елдің ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында экономикалық және саяси тәуекелдер мен қатерлерге қарсы дербес әрекет етеді. Бұл мақалада Еуразиялық экономикалық одақ жағдайында Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзекті мәселелері зерделенеді, бағаланады, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы басты кедергіні анықтау және қамтамасыз ету проблемаларын шешу жолы ұсынылады.

**Түйін сөздер:** *Азық-түлік қауіпсіздігі, Ұлттық экономика, Қазақстан, Еуразиялық экономикалық одақ, индекстік әдіс, субиндекс, азық-түлік қауіпсіздігін бағалау.*

---

### **Ерлан Алибаев, Марина Онучко** **ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ** **КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ЕАЭС**

**Аннотация.** Несмотря на то, что Евразийский экономический союз занимает важное место среди международных экономических организаций, уровень продовольственной безопасности стран-участниц Евразийского экономического союза отстает от развитых стран. Проблема продовольственной безопасности Евразийского экономического союза находится в центре внимания стран-участниц, и каждая из них самостоятельно выступает против экономических и политических рисков и угроз на пути обеспечения национальной продовольственной безопасности страны. В каждом из них формируются и функционируют собственные системы оценки и контроля продовольственной безопасности. Однако в связи с комплексным характером проблемы обеспечения продовольственной безопасности стран-

участниц Евразийского экономического союза ее необходимо рассматривать и решать путем реализации государственных программ не только внутри страны, но и в рамках Евразийского экономического союза в целом. В статье изучаются актуальные вопросы обеспечения продовольственной безопасности в условиях Союза, оценка, а также определяются главные препятствия.

**Ключевые слова:** продовольственная безопасность, национальная экономика, Казахстан, Евразийский экономический союз, индексный метод, субиндекс, оценка продовольственной безопасности.

**Yerlan Alibayev, Marina Onuchko**  
**ENSURING FOOD SECURITY OF KAZAKHSTAN IN THE**  
**CONDITIONS OF THE EAEU**

**Abstract.** The level of food security of the member countries of the Eurasian Economic Union lags behind the developed countries, despite the fact that the Eurasian Economic Union occupies a significant place among international economic organizations. The problem of food security of the Eurasian Economic Union is the focus of the member countries and each of them independently acts against economic and political risks and threats on the way to ensuring the country's national food security. Each of them has formulated and applies its own food security assessment and control systems. However, due to the complex nature of the problem of ensuring food security in the conditions of the Eurasian Economic Union, it must be considered and solved through the implementation of state programs not only within the country, but also within the framework of the Eurasian Economic Union as a whole. The article examines topical issues of ensuring food security in the conditions of the Union, assessment, and also identifies the main obstacles.

**Keywords:** food security, national economy, Kazakhstan, Eurasian Economic Union, index method, sub-index, food security assessment.

**Кіріспе**

Зерттеудің өзектілігі күмән тудырмайды, себебі азық-түлік қауіпсіздігі тек Қазақстан үшін ғана емес, әлемнің барлық елдері үшін де елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және мықты мемлекеттің қалыптасуының, оның табысты ұзақ мерзімді дамуы мен экономикалық өсуінің басты шарттарының бірі болып табылады. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы ҚР Заңында ұлттық қауіпсіздікті заңнамалық деңгейде қамтамасыз ету үшін азық-түлік қауіпсіздігінің қажеттілігі туралы 2013 жылғы 16 сәуірдегі ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында азық-түлік қауіпсіздігін толыққанды қамтамасыз ету мемлекеттің маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылатыны атап өтілген.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі жаһандану процестерінің дамуы-Қазақстанның ЕАЭО мен ДСҰ-ға кіруі жағдайында ерекше өзектілікке ие

болып отыр. Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдер үшін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұлттық қауіпсіздіктің негізгі бағыттарының бірі, мемлекеттің егемендігін сақтау факторы, демографиялық саясаттың маңызды құрамдас бөлігі, халықтың өмір сүру сапасын арттыру бойынша стратегиялық ұлттық басымдықты іске асырудың қажетті шарты болып табылады.

Бүгінгі таңда Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер, әрқайсысы ұлттық азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты көптеген қауіптер мен қатерлерге қарсы әрекет етеді. Қатысушы мемлекеттердің әрқайсысында ерекшеленетін критерийлер мен көрсеткіштер кешеніне негізделген азық-түлік қауіпсіздігін бағалау мен бақылаудың жеке жүйелері жұмыс істейді, онда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұлттық басым бағыттары мен тетіктері айқындалған [1]. Алайда, біздің пікірімізше, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемасының өзектілігі мен кешенділігіне байланысты оны Ұлттық контексте ғана емес, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде де қамту және шешу қажет. Осылайша, осы зерттеу тақырыбының өзектілігі сапалы талдау қажеттілігінен және ЕАЭО жағдайында Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді тұрақты дамыту проблемаларын шешу жолдарын анықтаудан туындады.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу материалдары Еуразиялық экономикалық одақтың ресми құжаттары (ЕАЭО туралы шарт, хаттамалар, Еуразиялық экономикалық комиссияның қаулылары) болып табылады. Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыттары ретінде Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [2], сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілері (ҚР), ҚР Статистика комитетінің деректері, министрлігі мен ведомстволарының материалдары, мерзімді баспасөз материалдары, Қазақстандық агроөнеркәсіптік кешеннің жекелеген кәсіпорындарының материалдары.

Ғалымдар арасында Е. Барбер, Г. Конвей [3], М. Берчел [4], Д. Блэйдс [5], Шнайдер [6] және Гумбольдт В., Heslop Н. В., Baldwin D. А., Buzan В., Waever О., de Wilde J., Hough P., Nesarurai Н., Tsereteli М., Aleksander Gorzelak, Jean-Paul Chavas, Deepayan Debnath, Suresh Babu, Parijat Ghosh, Michael Helmar, Tibebu Aragie, Sisay Genanu еңбектерін атап өтуге болады, өйткені олардың ғылыми-зерттеу үлесі бұл сала өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Сонымен қатар, азық-түлік қауіпсіздігінің теориялық-әдіснамалық мәселелерін зерттеу жөніндегі алғашқы ғылыми жарияланымдар туралы сөз болғанда келесі авторларды атап өткен жөн: Г.С. Вечканова, Т.Е. Кочергина, Е.И. Кузнецова, В.К. Сенчагова, Л.И. Абалкина, А.И. Бирюкова, А. Алтухова, Б.С. Балабанова, Е.Н. Борисенко, Е.Н. Антамошкина, У.З. Сафина, А.А. Кудряшова, О.П. Преснякова, Е. В. Серова, О.А. Чернова, В. Е. Степаненко және т. б.

Қазақ ғалымдарының ғылыми еңбектерінде Г.Т. Айдарова [7], Г.У. Әкімбаева [8], С.Н. Алпысбаева [9], А.Х. Әмірғалиев [10], Л. Апсәлімов [11], А.А. Арупова [12], А.М. Мырзахметова, Д.У. Алшымбаева, К.А. Туркеева, А.Т. Ерімпашева [13], А.А. Сатыбалдин, А.Т. Тілеубердінова [14], Н.Б. Сыздықбаева [15], Б.С. Мырзалиев, Н.С. Сабыр, А. Мұрат [16], Т.И. Есполов, Ж. Әзіретбергенова, Б. Мырзалиев, Н.С. Сабыр, А. Мұрат, М.М. Халитова, Ф.А. Шуленбаева, А.К. Дәрібаева, С.Т. Оқутаева, Р.З. Жалелева, М.У. Рахимбердінова, Н.Б. Сыздықбаева, Н.Ж. Бримбетова, Г. Сұлтанбекова, Д.Н. Ақынбекова, К.Н. Жанғалиева, М.С. Бектұрғанова, Н.А. Әбілқайыр, әсіресе А.А. Кайгородцев [17] еңбектерінде аграрлық саясат, азық-түлік саласындағы мемлекеттік саясат және түрлі мәселелер зерттелді.

Жоғарыда аталған ғалымдардың жұмыстарында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жеткілікті түрде қамтылған. Бұл мәселенің көптеген аспектілері қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты. Алайда, Қазақстан Республикасының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуға көшуі жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің саяси мемлекеттік тетігін қалыптастыру проблемасы жеткілікті зерттелмегендіктен, проблеманың өзектілігі мен ауқымдылығы оның мақсаттары мен міндеттерін айқындап отыр.

Отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, ғылыми мекемелер мен ұйымдардың агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, аграрлық-өнеркәсіптік өндіріс пен оның өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері бойынша сараптамалық материалдары мен баяндамалары зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізіне айналды. Деректерді өңдеу, жинақталған материалды зерттеу, талдау процесінде экономикалық зерттеулердің келесі әдістері қолданылды: монографиялық (азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі бойынша шетелдік ғалымдардың еңбектерін зерттеу); экономикалық-статистикалық (ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу кәсіпорындары өнімдері өндірісінің жай-күйін, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі мен азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін талдау); абстрактілі-логикалық (агроэкономикалық жүйе тұрақтылығының жалпы экономикалық көрсеткіштерімен өзара байланысты негіздеу); сараптамалық бағалау (азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басым шараларын айқындау). Зерттеуде әдіснамалық құралдарды пайдалану азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи аграрлық азық-түлік кешенін дамыту, халықтың барлық топтары үшін азық-түлікке қол жеткізу проблемаларын шешудің ғылыми аппаратын байытуға мүмкіндік берді.

### **Зерттеу нәтижелері**

Қазіргі таңда Еуразиялық экономикалық одақтың құрамына 5 егеменді мемлекет кіреді – Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Армения Республикасы [18]. Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) халықаралық экономикалық ұйымдар арасында маңызды орынға ие болғанына қарамастан, одаққа

---

қатысушы елдердің азық-түлік қауіпсіздігі деңгейі әлемнің дамыған елдерінен айтарлықтай артта қалып отыр.

Қазақстан – Еуразиялық экономикалық одақтың қатысушысы халықтың негізгі бөлігінің күнделікті өмірі ауыл шаруашылығы болып табылатын аграрлық индустриялық ел. Бүгінде Қазақстан халқының 43% - дан астамы ауылдық жерлерде тұрады, сондықтан мұнда немесе осы салаларда жұмыс істейтіндердің өмір сүру деңгейі ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуына тікелей байланысты. И.А. Аксенов «...қазақстандықтардың көпшілігінің әл-ауқаты ауыл шаруашылығы өндірісінің даму деңгейімен тығыз байланысты» деп санайды [19]. Еуразиялық экономикалық комиссияның қорытындысы бойынша, 2020 жылы Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақта ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің өсуі бойынша көшбасшы болды. Бұл 2020 жылғы қаңтар – желтоқсан айларында Ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің 2019 жылмен салыстырғанда 5,6%-ға артуымен байланысты. Экспорт көлемінің негізгі өсімі бидай, арпа және зығыр тұқымдарын жеткізуді кеңейту есебінен болды. Қазақстан үшін осы ауыл шаруашылығы тауарларын өткізудің негізгі нарықтары Өзбекстан мен Тәжікстан болып табылады. Алыс шетел елдері: Қытай, Иран, Бельгия, Италия және Ауғанстан. ЕАЭО елдерінің ішінде негізгі импорттаушы елдер – одақтастар Ресей Федерациясы мен Қырғызстан.

Бұл жерде сыртқы сауда қызметін қолдау шеңберінде Қазақстан Республикасында Сауда және интеграция министрлігі; «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ, «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы қызмет ететінін айта кеткен жөн. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 тамыздағы қаулысымен қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық экспорттық стратегиясы» ЕАЭО жағдайында қазақ экспортын жетілдіру жөніндегі бас мақсаттарды айқындайтын аса маңызды құжат болып табылады. Нақ осы акт экономиканың неғұрлым бәсекеге қабілетті салаларында 2018-2022 жылдарға арналған ұлттық экспортты дамыту жөніндегі жоспарларды айқындап береді. Ұлттық экспорттық стратегияда алға қойылған міндеттер мен көзделген мақсаттарды орындау бүгінгі күні шикізат экспорты жүйе құраушы буыны болып табылатын ұлттық экономиканы түбегейлі қайта құруға көмектесе алатыны тіркелген. Мысалы, сыртқы нарықтарға жеткізілетін өнімдер саны жыл сайын артып, шетелдегі Қазақстан өнімінің имиджін арттырып, Қазақстан экономикасына жаңа инвестициялар тартады деп жоспарлануда. Басқа ұсыныстардың ішінде қосылған құны жоғары өнімдер үлесінің артуы, өндірістік процестерде жаңа технологияларды қолдану және т.б. көрсетілген. Экспортты дамытуға қатысты бейінді акт - Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Қазақстан Республикасының азық-түлік саласындағы бағдарламалық актілерді талдау өнімді жеткізу үшін басым елдер мен өңірлерді бөліп көрсетуге мүмкіндік

береді. Олардың арасында ЕАЭО-ға қатысушы елдер, Қытай, Иран, Орта Азия, Парсы шығанағы және Еуропа елдері бар.

2019 жылы әкімшілік қайта құрулардан кейін ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын дамыту жөніндегі өкілеттіктер Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрлігінде шоғырланды. Бұл министрлік өз қызметінде «Шикізаттық емес тауарлар мен қызметтердің экспортын ілгерілету жөніндегі Жол картасына» сүйенеді. Жалпы, бұл жол картасы бұрын айтылған бағдарламалық құжаттарда сипатталған мақсаттар мен міндеттерді қамтиды.

ЕАЭО-ға қатысушы елдер ұлттық аграрлық азық-түлік кешені мен нарықтың орнықты дамуын қамтамасыз ете отырып, Одақтың ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға жәрдемдеседі. Бұл ретте ЕАЭО елдерінде ауыл шаруашылығы шикізаты мен азық-түлік өндірісін дамыту бағыттары одақтың ішкі нарықтарының теңгерімді жұмыс істеуіне, тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін, үшінші елдермен өзара сауданың тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады. Одаққа мүше елдердің агроөнеркәсіптік кешенін дамыту оң динамиканы көрсетуде. 2012 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемі 20% - ға өсті. Бұл өсімге дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың жақсы шығымдылығы әсер етті (2021 жылы 141,6 млн тонна дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар жиналды, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 1,5 есе жоғары). Сонымен қатар, өсімдік майлары, құс еті, қант және ірімшік өндірісі өткен жылдармен салыстырғанда едәуір өсті. Алайда, оң үрдістерге қарамастан, Одаққа мүше елдердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге айтарлықтай әсер ететін мәселелер бар. Одаққа қатысушы елдер ішкі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, аграрлық әлеует, негізгі тамақ өнімдерін тұтыну деңгейі және халықтың азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етуі бойынша айтарлықтай сараланған. ЕЭК статистика департаментінің деректері бойынша базалық тамақ өнімдерін жан басына шаққандағы орташа тұтыну көрсеткіші тамақ өнімдерінің экономикалық және физикалық қолжетімділігінің негізгі сипаттамасы 2021 жылғы қаңтар-қарашадағы жағдай бойынша ЕАЭО елдері үшін тұтынудың нормативтік деңгейлері болып табылады.

### **Нәтижелердің талқылау**

Қазақстанда азық-түлік ресурстары халықтың қажеттіліктерін тұрақты қанағаттандыруға мүмкіндік бергенімен, теңгерімсіздікті көрсетеді. Нақты көрсеткіштердің, атап айтқанда, сүт өнімдерін, жұмыртқаларды, жемістерді, көкөністер мен картопты тұтыну нормативтерінен едәуір артта қалуы, астықты қайта өңдеу өнімдері, қант және өсімдік майлары бойынша олардың едәуір асып кетуі сақталуда. Азық-түлік тұтынудың ұсынылған физиологиялық нормаларынан мұндай ауытқуларды халық үшін салыстырмалы түрде қымбат тамақ өнімдерінің экономикалық қол жетімділігінің жеткіліксіздігімен де, жергілікті тамақтану дәстүрлерімен де түсіндіруге болады [20]. Егер негізгі азық-түлік тауарларын өндірудің жылдық көлемі тұтынудың физиологиялық



нормаларына сәйкес халықтың жылдық қажеттілігінің 80%-ынан кем болса, Қазақстанда азық-түлік тәуелсіздігі қамтамасыз етілмеген деп есептеледі. 2020 жылы ішкі өндіріс жеміс-жидек пен қанттан басқа барлық негізгі өнімдер бойынша ағымдағы тұтынуудың 80%-ынан асты. Бірақ жан басына шаққандағы тұтыну мен физиологиялық нормалардың арасындағы айырмашылықты ескере отырып, өзін-өзі қамтамасыз ету критерийі картопқа, көкөністер мен жемістерге сәйкес келмеді. Сүт және ет өнімдері, жұмыртқа бойынша ұлттық өндіріс нормативтік қажеттіліктердің 80-82%-ын, ал астық, қант және өсімдік майлары бойынша – 150%-дан астамын құрады. Бұл ретте Қазақстандағы қанттың негізгі бөлігі импорттық шикі құрақ қанттан өндірілетінін атап өткен жөн. 2021 жылы Қазақстанда 1,7 трлн теңге сомаға Тамақ өнімдері өндірілді, бұл 2020 жылдың көрсеткіштерінен 17,5%-ға артық. Нақты мәнде өндіріс көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы 3,5%-ға өсті. Өңірлер бөлінісінде ақшалай мәнде өндірістің ең көп көлемі Алматы облысына тиесілі (232,6 млрд. теңге, бұл 26,5%-ға артық) және Қостанай облысы (202 млрд. теңге, бұл 27%-ға артық), сондай-ақ Алматы қаласына (196,5 млрд. теңге, бұл 9,8% - ға артық). Қазақстанда тамақ өнімдері өндірісінің жартысынан астамын ақшалай мәнде (54,8%) өндірістің үш секторы қамтамасыз етеді: 19,3%-ұн-жарма бұйымдары мен крахмалдар өндірісіне (303,9 млрд. 18,9% сүт өнімдерін өндіруге (296,9 млрд. 16,6% үлесімен ет және ет өнімдерін өндіруге (260 млрд. теңге). 2021 жылы Қазақстанда азық-түлік бағасы 2020 жылмен салыстырғанда 15,1%-ға өсті. Атап айтқанда, жұмыртқа 18,8%-ға, жемістер мен көкөністер 13%-ға, нан-тоқаш өнімдері мен жармалар 12%-ға, майлар 12%-ға, балық және теңіз өнімдері 10,9%-ға, ет өнімдері 9,5%-ға, сүт өнімдері 9,1%-ға, қант 9,1%-ға өсті. джем, бал, шоколад, кондитерлік өнімдер (жоғарыда аталған мәліметтер авторлар құрастырған экономикалық-статистикалық зерттеудің нәтижесі болып табылады).

Осыған байланысты, Қазақстанның ғана емес, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ жағдайында барлық қатысушы елдердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігі саясатын, ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нақты шаралар кешенін әзірлеу қажет.

ЕАЭО жағдайында Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді талдау нәтижелерімен мынадай ерекшеліктерді бөліп көрсетуге болады және Халықаралық экономикалық ұйымға қатысушы барлық елдердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мынадай шараларды қабылдау қажет:

1. Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы барлық елдер үшін ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін бағалаудың, тиімді дамытудың, қадағалаудың бірыңғай жүйесін енгізу: дәлірек айтқанда, Азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйіне мониторинг жүргізу және одаққа қатысушы елдердің ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы ықтимал қауіптерді анықтау және болжау, олардың алдын алу жөніндегі шаралар жүйесін негіздеу [21].

2. Ауыл шаруашылығы өнімдері мен тамақ өнімдерін өндіру мен өткізудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ауыл шаруашылығы өнімдері мен



тамақ өнімдерін өндіру мен өткізудің инновациялық технологияларын енгізу, қаржылық қолдауды, салық жүйесін, баға белгілеуді, сақтандыруды жетілдіру, жоғары технологиялық кәсіпорындарды қолдау үшін тікелей шетелдік инвестицияларды тарту үшін жағдайлар жасау арқылы қолайлы орта құру.

3. Ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлігінің айналымын бақылауды, сондай-ақ экологиялық таза жоғары сапалы өнім өндіруді сертификаттау және ынталандыру жөніндегі шараларды қоса алғанда, бүкіл технологиялық тізбек бойынша өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жүйесін ұйымдастыру жолымен Одаққа мүше мемлекеттердің ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

### **Қорытынды**

Қазіргі уақытта Азық-түлік қауіпсіздігі, халықты сапалы және қауіпсіз тамақпен қамтамасыз ету тақырыбы өте күрделі және өзекті мәселе болып табылады. Бұл елдің ұлттық қауіпсіздігінің бөлігі, өйткені бірде-бір мемлекет сапалы тамақ өнімдеріне сұранысты қанағаттандырмай, халықтың ұлттық, оның ішінде экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды. Әрине, халықтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуден бұрын елдің экономикалық, саяси немесе ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы айту оңай емес.

ЕАЭО жағдайында Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамудың ұлттық басымдықтарына сәйкес өз халқын сапалы тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету және халықтың барлық санаттары мен топтары үшін экономикалық қолжетімділік жөніндегі тиісті шараларды іске асырады. Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдердің және тұтастай Одақтың азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатерлерді анықтау, бағалау және алдын алу, ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін интеграцияланған институционалдық, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуге негізделген одаққа мүше мемлекеттерде және ЕАЭО деңгейінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және реттеу жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны дамыту сияқты шараларды іске асыру одаққа қатысушы елдердің агроөнеркәсіптік кешенінің жұмыс істеуінің ұйымдық-экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдердің ғана емес, Қазақстан Республикасы үшін де азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін шешу.

ЕАЭО жағдайында Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық-экономикалық тетігін қалыптастыру мәселесі жеткілікті зерттелмегендіктен, осы ғылыми-зерттеу жұмысы халықаралық қатынастар және саясаттану саласындағы зерттеушілер, талдаушылар үшін, сондай-ақ халықаралық қатынастар мен жаһандық дамудың саяси проблемаларына қызығушылық танытатын оқырмандар үшін баға жетпес олжа болмақ.

Өзірленген ұсыныстар азық-түлік саласындағы мемлекеттік саясатты қайта қарап, Қазақстан мен Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдердің ұлттық экономикасын жандандырады деп күтілуде.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Беделбаева А.Е., Шарипов А.К., Досумова Ж.С. ЕАЭО жағдайында Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету // Аграрлық нарық проблемалары. № 3, 2021. – С. 24-30б.
2. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. // URL: [https://strategy2050.kz/ru/state\\_programs/-2017-2021/](https://strategy2050.kz/ru/state_programs/-2017-2021/) (қаралған күні: 16.02.2022)
3. Conway G., Barber E. After the Green Revolution. Sustainable Agriculture for Development. London, 1990
4. Берчел М., Колтер Х. Программа технической помощи Европейского Союза для Казахстана // Пособие по управлению оптовыми рынками. Астана. 2004
5. Блэйдс Д. Теневая экономика и национальные счета // Экономический обзор стран ОЭСР. 1982
6. Schneider F., Enste D. Shadow Economies Around the World: Size, Causes, and Consequences. Washington, 2000.
7. Айдарова Г.Т. Современное состояние продовольственной безопасности Республики Казахстан // Вестник науки Акмолинского аграрного университета им. С. Сейфуллина. №3, 2002. – С. 103-111.
8. Акимбекова Г.У. Проблемы переработки // URL: <http://www.minagri.kz> (қаралған күні: 16.02.2022)
9. Алпысбаева С.Н., Тазабеков А.И. Факторы экономической безопасности современной воспроизводственной модели экономики Казахстана // ANALYTIC – Аналитическое обозрение. №3, 2003. – С. 41-43.
10. Амиргалиев А.Х. Формирование стратегии маркетинга в агропромышленном производстве // Вестник КазНУ. Серия экономическая. №3, 2004. – С. 122-125.
11. Апсаламов Н. Тенденции развития пищевой промышленности в Республике Казахстан // Транзитная экономика. №5, 2004. – С. 39-45.
12. Арупов А.А. Глобализация мировой экономики и проблемы экономической безопасности Казахстана // Вестник университета «Туран». №1-2, 2002. – С. 19-23.
13. Мырзахметова А.М., Алшимбаева Д.У., Туркеева К.А., Еримпашева А.Т. Торгово-экономическое сотрудничество Казахстана и России: особенности и приоритеты развития // Economics: the strategy and practice. – Т.15. №3, 2020. – С. 127-139.
14. Сатыбалдин А.А., Тлеубердинова А.Т., Кулик К.В. Концептуализация развития сельских территорий // Economics: the strategy and practice. Т.16. №3, 2021. – С. 6-21. // URL: <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-3-6-21>
15. Сыздықбаева Н.Б. Роль агропромышленного комплекса в экономике Казахстана // Economics: the strategy and practice. № 4, 2018. – С. 152-159.
16. Мырзалиев Б.С., Сабыр Н.С., Мурат А. Устойчивое развитие сельских территорий – важнейший фактор обеспечения социальной безопасности // Economics: the strategy and practice. Т.15. № 1, 2020. – С. 37-52.
17. Кайгородцев А.А. Экономическая и продовольственная безопасность Казахстана (вопросы теории, методологии, практики). Усть-Каменогорск: Изд-во ВКГУ им. С. Аманжолова, 2006.
18. Сабыр Н., Әбілқайыр Н. Сравнительный анализ мер социальной поддержки населения в странах ЕАЭС в период глобальной пандемии // Economics: the strategy and practice. – Т.16. № 1, 2021. – С. 155-163.
19. Аксенов И.А. (2021) Развитие государственной поддержки экспорта сельскохозяйственной продукции как элемент интеграционной политики Евразийского экономического союза // Siberian Journal of Life Sciences and Agriculture. Т. 13. № 4. С. 273-296. DOI: 10.12731/2658-6649-2021-13-4-273-296
20. Ибришев Н.Н. (2019) Ресурсы как основа эффективного функционирования аграрного сектора // Проблемы агорынка. № 1. С.40-48.
21. Добросоцкий В.И. (2019) Обеспечение продовольственной безопасности в странах Евразийского Экономического Союза: мировой и региональные аспекты: монография. М.: Одинцовский филиал МГИМО.
- Simpson, J., Weiner, E. (1989). The Oxford English Dictionary. United Kingdom: Oxford University Press.

## REFERENCES:

1. Bedelbaeva A.E., Sharipov A.K., Dosumova Zh.S. (2021) EAEO zhagdajnynda Kazakstannyn azyk-tylik kauipsizdigin kamtamasyz etu [Ensuring food security of Kazakhstan in the conditions of the EAEU] // Problems of the agricultural market] № 3. S. 24-30b.

2. Kazakstan Respublikasynyn agroonerkasiptik keshenin damytudyn 2017-2021 zhyldarqa amalqan memlekettik bagdarlamasy [State program for the development of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021] URL: [https://strategy2050.kz/ru/state\\_programs/-2017-2021-/](https://strategy2050.kz/ru/state_programs/-2017-2021-/) (accessed: 16.02.2022)
3. Conway G., Barber E. (1990) After the Green Revolution. Sustainable Agriculture for Development. London.
4. Berchel M., Kolter H. (2004) Programma tehniceskoy pomoshhi Evropeyskogo Soyuzha dlya Kazahstana // Posobie po upravleniju optovymi rynkami [European Union Technical Assistance Program for Kazakhstan // Manual for managing wholesale markets]. Astana.
5. Blyeyds D. (1982) Tenevaya ekonomika i nacional'nye scheta // Ekonomicheskii obzor stran OJeSR [Shadow economy and national accounts // Economic overview of OECD countries].
6. Schneider F., Enste D. (2000) Shadow Economies Around the World: Size, Causes, and Consequences. Washington.
7. Aydarova G.T. (2002) Sovremennoe sostoyanie prodovol'stvennoy bezopasnosti Respubliki Kazahstan // Vestnik nauki Akmolinskogo agrarnogo universiteta im. S. Seifullina [Current state of food security of the Republic of Kazakhstan // Bulletin of Science of Akmola Agrarian University named after S. Seifullin] № 3. S. 103-111.
8. Akimbekova G.U. Problemy pererabotki [Recycling problems] URL: <http://www.minagri.kz> (accessed: 16.02.2022)
